



8 қазан, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz



БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер көшбасшыларының бейресми кездесуіне Қазақстан Президентімен қатар Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын барысында ТМД елдерінің басшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту жөніндегі жоспарды талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді мерейтойымен құттықтап, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.



ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ЖЕТІ ҚАҒИДА

Астанада халықтық коалицияның бастамасымен Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын Қазақстан президенттігіне ұсыну туралы қолдаушылар форумы өтті.

Жиында еліміздегі түрлі саяси партиялар мен республикалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері алдағы президент сайлауына қатысуға Қасым-Жомарт Кемелұлын лайықты деп тапты. «Аманат», «Ақжол», Қазақстан Халық партиясы секілді саяси партиялардың және 30-дан

астам республикалық қоғамдық ұйымның атынан екі мыңнан астам өкіл қатысқан халықтық коалиция форумында Мемлекет басшысы сөз алып, өзіне сенім артқаны үшін іс-шараға қатысушыларға ризашылығын білдірді.

Алқалы жиында Қасым-

Жомарт Тоқаев ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атап өтіп, ел азаматтарының алдында тұрған мақсат-межені тізбелеп берді.

«Мен ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атап өткім келеді.

Бірінші. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Мен былтыр осы тұжырым туралы арнайы мақала жарияладым. Біз егемендігімізді сақтай алсақ ғана, ұлт болып, ел болып тұра аламыз.

2-бет

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: жетістігіміз қайсы, кемшілік неде?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында денсаулық сақтау саласында түрлі реформалар жүргізілгеніне қарамастан, әлі де күрделі мәселелердің бар екенін айтып, нақты тапсырмалар жүктеді. Соның ішінде көпшілік сынына жиі ұшырайтын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне, оның тиімді жүзеге асырылмай отырғанына тоқталды. «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформалар жүргізілді. Дегенмен оның жағдайы әлі де мәз емес. Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті» деді Президент.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында енгізілді. Оны мамандар халықтың саулығын қорғау жүйесінде тиімді әрі пайдалы болады деп түсіндірді. Негізінде дамыған елдердің көпшілігі осы жүйені кеңінен қолданып, нәтижесін көріп отырғанын білеміз. Бізде енгізу үшін мемлекет елуден астам елдің сақтандыру үлгісін зерттеген. Жалпы әлем бойынша медицина саласы бюджеттік, сақтандыру және аралас жүйелер арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік үлгі 30-дан аса елде бар, көбіне Еуропада, ал әлеуметтік сақтандыру Шығыс Еуропа, Германия, Франция, Бельгия, Корея, Жапония, Словакияда болса, жеке сақтандыру АҚШ-та қолданылады екен.

3-бет

ӨНІР ӨНІМІ

«AISHA» тіл үйіерер тоқаш дайындайды

Тереңөзек кенті қалаға жақын. Содан шығар, кейде ішіп-жейтін несібесін осы жактан тасиды. Бұл Тереңөзекте азық-түлік базары немесе үлкен дүкен жоқ деген сөз емес. Мұнда да қажеттінің бәрі табылады.

Мысалы, күнделікті тұтынатын нанды айталық. Аудан орталығында тұратындар көбіне-көп «Айшанын» нанын іздейтінін байқадық. Соншалықты сұранысқа ие болуының себебі біреу-ақ. Кент тұрғынының кез келгенін сұрасаңыз, осы жауапты естисіз: «Олар өте дәмді пісіреді».

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Сырдария ауданына сапармен барғанымызда Тереңөзек кентіндегі «AISHA» атымен танымал шағын кондитерлік цехқа арнайы бас сұқтық. Иә, мұнда нан өнімдерімен бірге тәтті торт пен бәліш пісіріліп жатады.

Біз цех иесі Гүлжан Әбдіғаппарованың кәсіпкерлікке ақ адал еңбек, маңдай тердің арқасында жеткенін әңгімелесе келе анғардық.

– 1996-1997 жылдардың жағдайын бала болсаң да білетін боларсың, – деді ол маған. – Сол жылдары көп келіншек дорба аркалап, сауда жасап кетті. Бәрі бала-шаға қамы үшін ғой. Жолдасым совхозда жұмыс істегенмен, жалақы жоқ, оның орнына ұн мен май немесе күріш қана беретін. Міне, сол уақытта үйден тоқаш (булочка) пісіріп саттым. Ұмытпасам, әрқайсысы 4 теңгеден болды. Теміржол бойына екі сөмкемен шығып, ел ішінде «тоқылдақ» атанған пойызбен көрші Жалағашқа барып, сонда сатып келетінмін. Дәл солай 10 жыл тоқаш пісіріп, балаларды асырадық. Кейін жолдасым үйің алдынан екі бөлмелі сарай салып берді. Несиеге көлік алдық. Солай кәсіпті кеңейте бастадық. 2010 жылы кәсіпкерлікке заңды түрде тіркеліп, «AISHA» атауымен нан



Суретті түсірген ННҰРЖАҒҒАЙ

өнімдерін шығардық. Айша – төрт ұлдың арасындағы жалғыз қызым, – дейді Гүлжан апай.

Дәмді тоқашымен ел ішіне танымал болған келіншекке осыдан кейін нан пісіріп сатуға ұсыныс түседі. Бөлке мен тандыр нанды саудалауға кіріскен кәсіпкер кейіннен арнайы кеш пен мерейтойларға торт дайындап беретін болған.

– Бәрі кезінде өз бетімше үйрендім. Кейін мына интернет дамығалы содан қарап, өзімді дамыттым. Қасыма кайын сіңімді алып, түрлі тапсырыстарды ерінбей қабылдадық. Қазір Құдайға шүкір, балалар ер жетті, үйленді, екі келін алдық. Торт пен түрлі тәттіні сол екеуі істеп жүр. Ал өзіміз пісірген нан өнімдерін кент ішіне таратуға ұлдарым көмектеседі. Арнайы автокөлігіміз бар, орталықтағы 15-20 дүкенге нан өнімдерін өткізіп келеміз. Осылайша отбасылық кәсіпті жолға қойдық, – дейді ол.

Гүлжан Әбдіғаппарова «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен «Даму» қоры арқылы төмен пайызбен несие алыпты. 14 млн теңгеге жуық қаржыға біз көрген шағын цех салып, кәсібін үлкейткен. Қазір мұнда 15-ке жуық адам жұмыс істейді.

– Цехта күніне мың дана

бөлке нан дайындалады. Қосымша 300 дана тандыр нан пісіреміз. Ал торт пен басқа тәттілерге арнайы тапсырыс қабылдаймыз. Өйткені, оларды ұзақ сақтап отыра алмаймыз. Қазір келісім-шартпен нан бағасын тұрақтандыру үшін «Өңірлік тұрақтандыру қоры» арқылы төмен бағамен бірінші сортты ұн берілуде. Сол арқылы біз бөлке нан пісіріп, оны 75 теңгеден дүкендерге таратамыз. Ал олар 80 теңгеден халыққа сатады. Бұл бір жағынан, елдің қалтасына да қонымды. Екіншіден, қай өнімнің де сапасы дұрыс болса ғана сұраныс тоқтамайды, – дейді кәсіпкер.

Кәсіп ашып көкжиегінді кеңейту мүмкін еместей көрінетіні рас. Сондай-ақ қаржы жағы қалай болар екен деп дүдәмал күйге түсетінімізді де жоққа шығара алмаймыз. Рас, кәсіпкерлікпен тек ауқаттылар ғана айналысатындай көрінетін көзге. Бірақ сырдариялық Гүлжан апайдың қиындықпен еңсерген бүгінгі кәсібі – көпшілікке жақсы мысал. Ұл-қызын адал еңбекке баулып, отбасылық кәсіпті дөңгеленткен кәсіпкер ананың қажырлы еңбегіне қалай сүйсінеске?!
Сырдария ауданы

ЕРТЕҢ – МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР КҮНІ

ЖҮЙЕНІҢ ЖАҒАЛЫҒЫ КӨП

Қазан айының екінші жексенбісі – мүгедектігі бар адамдар күні екенін екінші біле бермейді. Деректерге сүйенсек, Жер шары тұрғындарының 10%-ы мүгедектігі бар. Ал біздің елімізде 702 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады. Олар – қоғамымыздың бір бөлігі, өзіндік проблемалары мен шешімін күтіп тұрған мәселелері аз емес. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қолдау және өмір сүру сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің міндеттерінің негізгісі.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

3-бет

Шайтұрсын ӘБДІБАЕВ – 80

БОЛМЫСЫ ӘН АДАМ



Сенің тұрған бойың ән еді ғой. Қараптан-қарап ән айтып жүретіңсің. Ол – Шайтұрсын Әбдібаев еді.

5-бет





ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ЖЕТІ ҚАҒИДА

Тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қалады. Сондықтан, Тәуелсіздік – біз үшін ең басты құндылық. Тәуелсіздікті қорғау және нығайту – әрбір азаматқа, бәрімізге ортақ міндет! Тағы да қайталап айтамын. Дамыған, өркениетті ел боламыз десек, еңбекті ең басты орынға қоюымыз керек. Еңбекқорлық – өскекең ұрпақтың бойына сіңген қасиет болуға тиіс. Бұл қасиет біздің өмір салтымызға айналуды керек. Масылдық ниетпен, бос сөзден арылуымыз қажет. Тәуелсіздікті нығайтуға нақты іспен үлес қосу – әр азаматтың перзенттік парызы. Еңбек адамы біздің қоғамда қашанда құрметке ие болады. Себебі, еңбекқор адам өз сөзін әрдайым іспен дәлелдей алады, деді Президент.

Екінші қағиданы жер тұтастығы деп атаған Мемлекет басшысы: «Елдіктің негізі – жеріміздің тұтастығы.

Бабаларымыз ұрпағына ұлан-ғайыр жерді мирас етті. Біз оның бір уыс топырағына дейін қастерлеп, атамекенімізді қорғай білуіміз керек», деп атап өтті.

«Үшінші. Мемлекет мүддесі – қастерлі құндылық. Ауылдан Ақордаға дейінгі шешімнің бәрі осы тұрғыдан қабылдануы қажет. Бір сөзбен айтсақ, әр істе мемлекеттік ұстаным болуы керек. Мемлекет мүддесі дегеніміз – халықтың мүддесі. Сондықтан, барлық шешімдер, жобалар, заңдар мен жарғылар ел мүддесін қорғауға арналады. Туған елге жанашырлық әр азаматқа тән қасиет болуға тиіс», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Төртінші. Рухани үндестік – бірліктің бастауы. Төл тарихымыз, ана тіліміз бен ата дініміз – елді біріктіретін бірегей құндылықтар. Оны дау-дамайға айналдыруға болмайды. Жұртты адастырып, теріс жолға салудан сақтанған жөн. Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың мақсаты – бір, болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Бәріміз – бір елдің азаматтарымыз. «Өралуандық арқылы – бірлікке» қағидаты ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Біз этносаралық татулықты сақтай білуіміз керек. «Қазақстан азаматы» деген ұғым жалпыұлттық бірегейліктің өзегі болуы қажет. Сонда біртұтас ұлт ретінде келешекке сеніммен қадам басамыз», деген ел Президенті бесінші қағиданың заңға сүйенетінін айтты.

«Бесінші. Заңдылық пен тәртіп – өркениетті ең болуында кепіл. Заң талаптары барлық салада мүлтіксіз орындалуға тиіс. Заң алдында – бәрі тең. Заң алдында бәрі бірдей жауап береді. Сонда ғана біз заңы мүлтіксіз орындалатын, тәртібі қатаң сақталатын Әділетті мемлекет құрамыз», деді бұл жайында Қ.Тоқаев.

Алтыншы. Жасампаздық – жанару мен жанғыру жолы. Біздің

1-бет



басты мақсатымыз – Отанымызды өркендету, мемлекетімізді дамыту. Озық білім мен қажырлы еңбек қана елді табысқа жеткізеді. Бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір ғылым экономиканы жедел алға жетелейтін алып индустрияға айналды. Қазақстан жаһандық экономикадағы үрдістерден сай болуға тиіс. Бізге де осы ғылыми-технологиялық жанашырлықты әкеліп, өндіріске қосатын жана әрі білікті мамандар керек. Біз оларға қажет жағдайдың барлығын жасаймыз. Себебі, адам капиталы ең құнды байлығымыз. Мұны уақыт және тәжірибе дәлелдеді. Осылайша, Қазақстанның инновацияның, жана технологияның, тың идеялардың, ауқымды капиталдың орталығы болуға зор мүмкіндігі бар», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

«Жетінші. Достық пейіл, мейірімділік және жанашырлық – ең асыл қасиеттер. Қазаққа «Сыйласаң – сыйлы боларсың» деген сөз бар. Ағайынның татулығы мен жанашырлығы – ел бірлігінің түп қазығы. Елдің тұтастығы қарапайым адамдардың өзара түсіністігінен басталады. Халқымыз бәрін де ақыл-парасатпен шешкен. Бұл дәстүрді ұмытпауымыз керек. Аға буын осы игі дәстүрді насихаттауы қажет. Жалпы, ортақ жетістіктер ұлттың мерейін өсіреді. Біз бір-бірімізге қашанда тілектес болуымыз қажет. Талапты, дарынды азаматтарды қолдай білуіміз керек. Әр отандасымыздың табысына қуанып, қиындықтарды бірге еңсеруге тиіспіз. Халқымыз «Ұйымдасқан ұтады» деп бекер айтпаған. Бірлігімізді бекемдей білсек, елдігімізді сақтап қаламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз», деген Мемлекет басшысы

демократия, заң үстемдігі және теңдік қағидаттары сақталатын мықты мемлекет болатынымызға нық сенім білдірді.

«Бұл біздің қолымыздан келеді. Себебі, айқын мақсатымыз, нақты бағдарымыз бар. Жасампаз және отаншыл халқымыз бар. Тәуелсіз елдің ойы еркін, рухы азат ұрпағы өсіп келеді. Біз түбегейлі өзгерістің бәрін өскекең ұрпақтың болашағы үшін жасап жатырмыз. Баршаңызды елімізді бірге көркейтуге шақырамын! Өйткені, біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір. Әрдайым берге болайық! Қасиетті Отанымыз – Қазақстанымыз жасай берсін!», деген Мемлекет басшысы осылайша ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы айқындап берді.

Сөзін, өзін қолдаған халыққа ризашылық білдірумен жалғастырған Мемлекет басшысы: «Мен бұған дейін Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермей, саяси тұрғыдан бейтарап болу қажеттігін айттым. Осы ұстаным өзгермейді. Баршаңыз ұсынған ортақ кандидат ретінде президент сайлауына түсу – мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Маған сенім артқандарыңыз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін», деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ елімізде саяси, әлеуметтік, құқықтық және басқа да маңызды жүйелерін түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар жүргізіліп жатқанына тоқталып: «Бұл реформалардың бәрін сіздер жақсы білесіздер. Бұл реформалар халықтың тұрмысын түзеуге, әр адамның құқығын толық қорғауға, демократиялық үдерістерді жедел жүргізуге бағытталған. Бір сөзбен айтқанда, барлығы тек халық

үшін жасалып жатыр», деді.

Форумда сөйлеген сөзінде Қ.Тоқаев президенттің өкілеттігін 7 жылдық бір мерзіммен шектеу туралы бастамасы туралы да ойын ортаға салды. «Мен осы шешім туралы көп ойландым. Бір адамның ұзақ уақыт билікте болуы дұрыс емес деген тұжырымға келдім. Мемлекеттің тірегі – жалғыз Президент емес, бүкіл халық. Сондықтан, ел басқаруға жаңа буын өкілдерінің келуі өте маңызды. Біз ұлт мүддесін қорғайтын және халыққа адал қызмет ететін азаматтарға жол ашуымыз керек. Нағыз мемлекетшіл, отаншыл, білікті тұлғалар жұртты жасампаз істерге жұмылдырып, Қазақстанды өркендете алады. Осы ұстаным мызғымас қағидатымыз болуға тиіс.

Біздің басты мақсатымыз – Отанымызды өркендету, мемлекетімізді дамыту. Озық білім мен қажырлы еңбек қана елді табысқа жеткізеді. Бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір ғылым экономиканы жедел алға жетелейтін алып индустрияға айналды. Қазақстан жаһандық экономикадағы үрдістерге сай болуға тиіс. Бізге де осы ғылыми-технологиялық жаңашылдықты әкеліп, өндіріске қосатын жана әрі білікті мамандар керек. Біз оларға қажет жағдайдың барлығын жасаймыз. Себебі адам капиталы ең құнды байлығымыз. Мұны уақыт және тәжірибе көрсетті. Осылайша, Қазақстанның жана технологияның, тың идеялардың, ауқымды капиталдың орталығы болуға зор мүмкіндігі бар», деді Президент сөзін түйіндеп.

Оралхан АХМАДИЯ,
«Egemen Qazaqstan»

КЕЗЕКТІ ҚАБЫЛДАУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға 10 азамат келіп, өз мәселесін жеткізді. Мұнда негізінен жұмыспен қамту, шағын кәсіп ашуға қолдау, денсаулық және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларға қатысты мәселелер қозғалды. Жазылғандардың көпшілігі зейнет жасындағы, көпбалалы және мүгедектігі бар азаматтарды қарап отырған тұрғындар.

Мәселен, 4 азамат жұмысқа орналасуға көмек қажет екенін айтса, 2 қала тұрғыны шағын кәсіпін ашуға қолдау көрсетуді сұрады. Жеке қабылдауға келген 2 азамат денсаулығының болмауына байланысты мүгедектікке шығару және өзге де көмек көрсетуді сұрады.

Аймақ басшысы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысына жұмыссыз тұрғындарға арналған жәрменкелерді тұрақты түрде ұйымдастыру, жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде қажетті мамандықтарға талдау жасауды тапсырды. Сондай-ақ, заңдылыққа сәйкес мүгедектігі бар азаматтарға қажетті құжаттарды жинау жолдарын түсіндіруді жүктеді.

Ал, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысына шағын кәсіпін ашуға ниетті азаматтарға грант алу жолдарын кенінен түсіндіріп, заңдылыққа сәйкес тәртібіне қарай қолдау қажет екенін еске салды.

Жеке қабылдауға келген тағы бір азамат Арал теңізін қалпына келтіруге қатысты экологиялық мәселені қозғалды. Облыс әкімі сала мамандарымен бірге заңдылыққа сәйкес шешім қабылдау қажет екенін алға тартты.

Осы уақытқа дейін облыс әкімі 20 жеке қабылдау өткізіп, 173 азаматтың мәселесін саралады. Көтерілген әрбір мәселе әртүрлі шешімді қажет етеді. Қабылдау барысында айтылған тапсырмалар белгіленген мерзімде орындалып, әкімнің тұрақты бақылауында.

Айта кетейік, облыс әкіміне жазылу үшін азаматтар egov.kz порталы арқылы, e-otinish бұрыңғай базасы мен жазбаша нысанда әкімдікке келіп өтініш бере алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СУ ҮНЕМДЕУДЕГІ ТИІМДІ ЖОБА

Сыр өңірінде кейінгі жылдарда қуаныштылық қауіп туындап, елдегі еңбекшілерді алаңдатқаны белгілі. Осы мақсатта жергілікті ғалымдар «Климат және су ресурстары өзгеруі жағдайына қазақстандық Арал өңірі суармалы егіншілігін бейімдеу (адаптация) технологиясын шаруашылықтарға енгізу және тарату» жобасын қолға алды. Оны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырды.

Кеше аталған жобаның қорытындысы есебінде Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы «Талапкер» шаруа қожалығында «Дала күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 2 гектар аумақта жасалған ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша суды үнемдеу мен жаңа технологияны пайдалану арқылы мол өнімге қол жеткізуге болатыны жөнінде кенінен әңгіме қозғалды. Оған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, шаруа қожалықтарының өкілдері, ғылыми-зерттеу институты ғалымдары, магистранттар мен студенттер шақырылды.

Жобаға жетекшілік жасаған Қорқыт ата университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақовтың айтуынша, су тапшылығы суармалы егіншілікке үлкен тәуекелдер туғызып отыр. Бұл ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге кері ықпалын тигізуде. Дақылдардың өну-өсу сатысында су жетіспеушілігі өнімділікті төмендетумен қатар олардың сапасына әсер етеді. Жобада ұсынылып отырған технология аймақтың биоклиматтық ресурстарын қолданыстағы технология мазмұнына күрделі өзгерістер енгізбей-ақ тиімді пайдалану арқылы өнімділікті арттыруға жол ашады.

– Аймақтың негізгі дақылы – күрішті суару режимі күрмек, шии, қоға және арампшоптермен күресуді терең су қабатымен бастыру арқылы жүргізуге негізделген. Қолданыстағы су режимі күріштің биологиялық қажеттілігінен 2-3 есеге артық. Атыз бетінің біркелкі қабатпен тез арада суға бастырылуы өте маңызды. Шаруашылықтар лазерлік тегістегіштерді қолданып, мол өнім алуға. Енгізіліп отырған технология аймақтың биоклиматтық ресурстарын тиімді пайдалануға негізделген. Жаңа технология лазерлік тегістеуден кейін дән сепкішпен күріш дөнін 0,5-1 сантиметр тереңдікке сеуіп, пленкамен бастырып, дән түскен жерді тесіп, пленкалардың төменгі бөлігін бастырып кетеді. Сол арқылы дақыл қалыпты шығып, әрі қарай дама береді, – дейді С.Өмірзақов.

«СБ» ақпарат

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2022 жылдың 20 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді.

Бүгіннен бастап, Өзіңіздің сайлау уәдесіңізді анықтап алыңыз! Ол үшін:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайтындағы saylau.org.kz сілтемесіне кірсеңіз «Өзінді сайлаушылар тізімінде тексер» деген атаумен арнайы баннер орналастырылған. Аталған баннерге өту арқылы, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) теріп, қай сайлау уәдесіңізді тіркелгенін және сол уәдесіңізді қай мекенжайда орналасқандығын картадан онлайн көру мүмкіндігіңіз бар.
2. Ұялы телефоныңыздан, App Store, Google Play арқылы Smart Qyzylorda мобильді қосымшасын жүктеп, сайлауға қатысты Өзіңізге қажетті ақпаратты ала аласыз.
3. Telegram каналындағы saylau_kzoBot – ботына кіріп, жеке сәйкестендіру нөмірін(ЖСН) теру арқылы қай сайлау уәдесіңізді тіркелгеніңізді нақтылай аласыз.
4. «109-бірінғай байланыс орталығына» тәуліктің кез келген уақытында хабарласу арқылы да сайлау уәдесіңізді біле аласыз.

ӨЗІҢІЗДІ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН
ТЕКСЕРІҢІЗ!

«СЫР МЕДИА» ЖШС ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН
ТЫС САЙЛАУЫНА ОРАЙ ҮГІТ-НАСИХАТ
МАТЕРИАЛДАРЫН ОБЛЫСТЫҚ «СЫР БОЙЫ»
ГАЗЕТІНЕ ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ
ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 24 665 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс
Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік
мектебінің жанында). Жарнама бөлімі:
8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/
e-mail: smjarnama@mail.ru

20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

2022

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ!

ӨЗ УЧАСКЕҢІЗДІ ТАБЫҢЫЗ!

РЕСМИ ВЕБ-СЕРВИС

TELEGRAM ЧАТ-БОТ



Smart Qyzylorda
мобильді қосымшасында

109 нөмірі
бойынша КӨМЕК бірыңғай
байланыс орталығы

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ЕРТЕҢ – МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР КҮНІ

ЖҮЙЕНІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП

ТАҢДАУ МҮМКІНДІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТТІ

– Үкіметке рахмет, әйтеуір жыл сайын шипажайға ем алуға тегін жолдама беріп отырады. Бұрын таңдау жоқ, мемлекет қандай санаторий немесе курорт қызметін ұсынады, тек соған ғана бара алатын едік. Кейінгі екі жылда таңдауды өзіміз жасайтын болдық. Сөйтіп тізімдегі жүзге жуық санаторий мен курорттың ішінен өзіне ұнағанын таңдай аласың. Міне, соның арқасында алғашында Көкшетау өңіріндегі «Алмаз» шипажайына барып қайтсам, биыл «Ақсу-Жабағылда» болдым. Екеуі де – табиғаты тамаша жерлерде орналасқан, емделушілерге сапалы қызмет көрсете алатын демалыс орындары. Жақсы ем алып, демалып, адамдармен араласып, көңіл-күйім көтеріліп, келесі жылға дейін жететін күш-қуат алып қайттым, – дейді Қызылорда қаласының тұрғыны, III топтағы мүгедектігі бар Баян Сейдахметова. Оның айтуынша, бұрын демалуға он күн ғана берілсе, қазір ол 14 күн болып бекітілген.

Еліміздегі мүгедектігі бар адамдар мемлекет тарапынан арнайы көмекті қажет етеді. Себебі олардың физикалық, психикалық, интеллектуалдық мүмкіндіктері қоғамда дұрыс өмір сүруіне кедергі жасайды. Мүгедектерді оңалту да қолға алынған. Иә, ауыр оталарды бастан өткерген науқас жандардың денсаулығын сауықтыру процесінің ролі орасан. Сол үшін мемлекет мұндай адамдардың санаторийлер мен курорттық орындарға барып оңалтудан өтуіне жағдай жасап келеді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Гүлшат Әбдіқалықованың айтуынша, биыл облыс бойынша 2520 адам санаторий-курорттық емделу қызметін алып отыр.

Басқарма өкілі бізбен әңгімесінде мүгедектігі бар адамдардың жағдайын жақсарту, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру үшін «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін жеткізді. Соған сәйкес 2020 жылдан бастап Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы қолданысқа еніп отыр. Бұл порталды енгізудегі басты мақсат – мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді алушылар мен жеткізушілердің тікелей өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

– Осы бірыңғай цифрлық алаңда мүгедектігі бар адамдарға жеке қажеттіліктерін ескере отырып,

1-бет

көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарын интернет жүйесіне қосылған құрылғымен (компьютер, ноутбук) aleumet.egov.kz сілтемесі арқылы электронды цифрлық қолданбамен (ЭЦҚ) өз бетінше таңдау мүмкіндігі беріледі. Мүгедектігі бар адамдар көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдо-тифлотехникалық құралдармен, кресло-арбалармен, санаторий-курорттық емделумен, міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етіледі, – деп бөлім басшысы түсіндіріп өтті.

Жаңа жүйе туралы облыстық мүгедектер қоғамы ҚБ төрағасы Сағатбек Синоов өз пікірін білдірді:

– Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы тиімділігін байқатып отыр. Бұрын қалай еді? Мемлекеттік сатып алу конкурстары өтеді. Қатысушылар бағаны төмендетіп, ұтып алады. Баға арзандаған сайын, ұсынылатын тауар мен қызметтің сапасы төмендейді. Нәтижесінде мүгедектігі бар адам өзіне не ұсынылады, соны ғана алатын. Ол дұрыс келе ме, көңілінен шығып тұр ма, бұл екінші кезектегі мәселе еді. Былтырдан бастап порталда барлық қызмет қолжетімді. Мәселен, I топтағы мүгедектігі бар адамға жеке көмекшілер туралы мәліметтер соның ішінде, баратын шипажайын, жеке гигиеналық заттарды, арбаны таңдайды, – деді қоғамдық бірлестік төрағасы.

Оның айтуынша, пайдаланушы aleumet.egov.kz сілтемесі арқылы ЭЦҚ-мен жеке кабинетіне кіріп, өзіне тиесілі қызмет пен тауарға таңдау жасайды. Оның ішінде қызмет

ұсынушылар еліміздің кез келген қаласынан болуы ықтимал. Мысалы, ұнатып тұрған арбасы Атыраудан шығуы мүмкін. Таңдау жасағаннан кейін олар 14 күннің ішінде жеткізіп беруге міндетті. Алып келген тауар сол суреттегідей түсте, өлшемде болуы керек. Егер жеткізілген дүние көңілінен шықпаса, қайтаруға мүмкіндік бар. Санаторий де сондай, еліміздің қай өңірінде болса да, ұнатқанына таңдау жасап, барып ем алып қайтасын.

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТІЛЕДІ?

Г.Әбдіқалықова өз кезегінде тапсырыс беруші оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше таңдау құқығына ие болғанмен, тауарлар мен қызметтер бағасы мемлекеттің кепілдендірілген сомасы шегінде жүргізілетінін жеткізді. Тапсырыс беруші таңдаған оңалту құралы немесе қызметінің бағасы мемлекеттің кепілдендірілген сомасынан артық болған жағдайда, айырмасын тапсырыс беруші төлейді. Мәселен, былтыр санаторий-курорттық емделу қызметі үшін I күнге мемлекет кепілдендірген сома көлемі 8716 теңгені құраса, биыл бұл қызмет үшін I күнге 12500 теңге өтеледі. Егер мүгедектігі бар адам таңдаған санаторий-курорттық мекеменің I күн үшін ақысы кепілдендірілген сомадан артық болса, айырмасын мүгедектігі бар адам төлейді. Порталдың қолданысқа енгізілуімен сұраныс арта бастады. Мысалы, 2020 жылы мемлекеттік сатып алу арқылы шипажайға емделуге 1485 адам барса, биыл 2520 адам қызмет алуға.

Қыркүйектің 1-дегі мәліметтер бойынша Әлеуметтік қызметтер

порталы арқылы 22428 мүгедектігі бар адамның 18315-і оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етілген (81,7%). Бүгінгі күні порталдағы тізілімде облыстың 97 өнім берушісі тіркелген (91 әлеуметтік қызмет көрсету, 2 санаторий-лік-курорттық емдеу және 4 кепілдендірілген әлеуметтік топтама ұсыну).

Мүгедектігі бар адамдарға техникалық көмекші құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдары және көрсетілетін қызметтер сыныптауышына сәйкес ұсынылады. Олар – протез-ортопедиялық көмек (133 түрі), арнаулы жүріп-тұру құралдары (12 түрі), сурдотехникалық құралдар (25 түрі), тифлотехникалық құралдар (19 түрі), міндетті гигиеналық құралдар (39 түрі), санаторий-курорттық емделу қызметі, жеке көмекші мен ымдау тілі маманының қызметі.

Жеке көмекшінің қызметіне жұмыспен қамту бөлімдері нақты уақыт үшін, бірақ күніне сегіз сағаттан асырмай ақы төлейді. Есептеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 12% есебі негізге алына отырып жүргізіледі. Сонымен қатар, былтыр қараша айынан бастап бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасаушыға жәрдемақы тағайындалуда.

Бұл қызметті алу үшін мемлекеттік корпорация, «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы, сондай-ақ бірінші топтағы мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде МӘС бөлімшесіне өтініш жасауға құқығы бар. Жәрдемақы тағайындауға өтінішті I топтағы мүгедектігі бар адам береді. Тағы бір ескерерлік жайт, I топтағы мүгедектігі бар адам және күтімді жүзеге асырушы ретінде айқындалған адам бір елді мекенде тұруға тиіс.

Күтімді жүзеге асыратын адам көмелеттік жасқа толмаған, заңды күшіне енген сот шешімі бойынша ол әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда, сол секілді психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымда есепте тұрған болса, оған жәрдемақы тағайындалмайды. Жәрдемақы мөлшері 1,4 ең төменгі күнкөріс деңгейін құрайды, яғни былтыр 48023 теңге көлемінде болды. Ал биыл жыл басында 50426 теңге көлемінде бекітілсе, мамыр айынан бастап 52344 теңгені құрайды.

ПРОБЛЕМАЛАР ДА ЖОҚ ЕМЕС

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат олардың қоғамға толыққанды кіргіуін көздейді.

Халықтың осы санаты басқалармен теңдей өмір сүріп, жұмыс істеп, білім алуы, қоғам өміріне еркін қатысуы, белгілі бір шешімдер қабылдауы үшін кедергілерді еңсеруге, жоюға бағытталған.

Осы орайда С.Синоов кедергісіз орта қалыптастыру бойынша әлі де проблемалар бар екенін айтты.

– Қазір жана ғимараттар, жақсы саяжайлар мен демалатын орындар ашылып жатыр. Алайда сол жерлерде мүгедектігі бар адамдардың мұқтаждары ескеріле бермейді. Пандустар талапқа сәйкес келмей жатады немесе арнайы автотұрағы болмайды. Қазір бұрынғыдай емес, мүгедектігі бар адамдар белсенді, үйде тығылып жата бергісі келмейді. Концертке, киноға барғысы келеді, қоғамдық іс-шаралардан тыс қалғысы жоқ. Спортпен шұғылданғанды жаны қалайды. Сондай-ақ өзекті мәселенің бірі – олардың жұмыспен қамтылу жайы. Өйткені, бір жәрдемақымен күн көру мүмкін емес, – дейді.

Қоғамдық ұйым төрағасы кейінгі екі жылда «Инватаксидін» де тапшылығын байқаған. Қазір ерекше балаларға арналған орталықтар көбейіп, онда арналған балалар саны артты. Көлік жетіспейді, қазір өзекті мәселе осы болып тұр.

Сағатбек Қуанышбайұлы III топтағы мүгедектігі бар жандар үшін ешқандай жеңілдіктің жоқтығына қынжылыс білдірді. Ауданаралық, қалааралық жолаушылар тасымалында, қоғамдық көліктерге жеңілдіктер жоқ. Дегенмен келер жылдан бастап, санаторийға емделуге баратын I топтағы мүгедектігі бар адамның жанында жүретін көмекші ақысының 70%-ы жергілікті бюджеттен төленетін болды. Мұны облыс әкімі Н.Нәлібаев өзі тікелей қолдауымен жүзеге асырып отыр. Жыл басында мүгедектер қоғамы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірлесіп жасаған жобаны депутаттар қолдап, сол бойынша жұмыстар қолға алынуға. Соның бірі – мүгедектігі бар адамдарға тегін компьютерлік курстың ұйымдастырылуы. Оған барлық жағдай жасалған, қандай топ болса да, шектеу жоқ. Жасы үлкен кісілер aleumet.egov.kz желісіне еминеркіні кіріп, таңдау жасауды үйренеді.

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарға дамыған елдерде жасалатындай жағдайды қалыптастыру – тек мемлекеттің ғана міндеті емес, барша әлеуметтің парызы. Олардың жұмысқа орналасуына кәсіпкерлер көмектесуі тиіс. Тек жәрдемақы алып қана қоймай, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болуы керек. Жаңа Қазақстан мұндай жандар үшін кедергісіз аймаққа айналуы тиіс.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: жетістігіміз қайсы, кемшілік неде?

Қазақстан осы мемлекеттердің үздік тәжірибелерін зерделей келе, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізді.

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондықтан да денсаулыққа қатысты мәселелерді алдын ала ойластырып, жан-жақты пысықтаудың маңызы зор. Осы орайда жүйені іске қоспас бұрын мамандар халықтан жарна жинау механизмін қолға алды. 2017 жылдан бастап мемлекет, жұмыс берушілер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуді бастады. Оған қоса мемлекет 15 санатты арнайы белгілеп, оған жататын азаматтарды жарна төлеуден босатты. Осылайша жүйе 2020 жылдан бастап іске қосылды. Жүйе енгізілгенмен, саладағы мәселе шешіле қоймағаны жасырын емес. Медициналық көмектің сапасы, қолжетімділігі әлі де сын көтермейді. Оны әлеуметтік желілерде ауруына шипа іздеген көпшіліктің жағбаларынан да байқауға болады. Сазаттап кезек күту, қажетті маманға дер уақытында қараала алмау, КТ, баска да аппараттарға түсуін машақатынан құтыла алмаған жұрт «сақтандыруға не үшін ақша аударып

1-бет

отырмыз?» деп байбалам салуда. Көпшіліктің денсаулық саласына деген сын-ескертпесін Президент те жоғарыда аталған Жолдауда атап көрсетіп, жүйені жетілдіруді тапсырды.

Сонымен, мақтаған МӘМС-іміз неге көпшілік үмітін ақтамай отыр? Әу баста сақтандыру жүйесінің мақсаты – тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін, сапасын арттыру, жоғары мамандандырылған медициналық қызмет түрлері мен оңалту, диагностикалық-консультациялық көмекті жүйелеу болатын. Ендеше жүйе жұмысының тиімділігі неге төмен? «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалы директоры Бақыт Исмаханбетов те сақтандыру жүйесінің өз мақсатына, негізгі принципіне жете алмай отырғанын айтады.

– МӘМС-тің түпкі мақсаты, идеясы жақсы, көтеріп отырған жүгі де ауыр. Соған қарамастан көздеген мақсатына жете алмай отырғаны рас. Бірақ солай екен деп атқарылып жатқан жұмыстарды жолға шығара алмаймыз. Мәселен, бір адам жылына бар-жоғы 36 мың теңге төлейді, яғни, айына 3 мың теңге болса, ең жоғары жарна көлемі айына 12 мың теңгені құрайды. Бірақ сақтандырылған азамат қажет болғанда бінеше миллионның қызметін ала алады. Бір ғана мысал, кезінде КТ, МРТ аппараттарына

түсу үшін қалталарынан 15-20 мыңдап төлеп жүрді ғой. Қазір жүйе бойынша ол қолжетімді болып отыр. Бұл жерде мәселе медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға ма деп ойлаймын. Біздің мақсат – көрсетілген қызметтерге ақы төлеу, яғни, қаржыландыру. Ал қаржыландыру бойынша еш кедергі жоқ. Сондықтан көрсетілетін қызметтердің жүйелілігіне, олардың қолжетімділігіне негізінен тиісті сала ұйымдары жауапты болады. Ең бірінші, бастапқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін ұйымдар өз жұмыстарын тиянақты ұйымдастыра білуі керек. Олай дейтініміз, науқас ең алдымен емханаға барады. Мәселе көбіне осы жерде орын алып отыр. Ұзын-сонар кезек те, дәрігер қабылдауына жазылудағы шу да осы жерден шығатынын білеміз. Сондықтан денсаулық сақтау саласының осы тұсын ретке келтіру қажет деп ойлаймын. Біз өзімізбен тікелей келісім-шартқа отырған емдеу ұйымдарын ғана тексере аламыз, онда да науқастың арыз-шағмымен. Арыз-шағым болмаса, тексеруге құқымыз жоқ, – дейді Бақыт Торғайбайұлы.

Филиал директорының айтуынша, тұрғындар тарапынан арыз-шағымның 95 проценті емханаларға, олардағы қызметтерге байланысты түседі.

– Оның себебі, жарнасын төлеп

отырған азамат өзі қалаған кезінде көп күтпей кенес беру немесе басқа да диагностикалық қызметтерді алғысы келеді. Ал емхана оны дер кезінде қамтамасыз ете алмайды. Өйткені ұйымдастыру жұмысы төмен. Екіншіден, бұрыннан келе жатқан инерциялық салғырттық бар. Қазір осыған байланысты жаңаша ережелер бекітілді. Егер науқас қандай да бір аппаратқа түскісі келсе және емханада ол бұзылып қалса, осындай жағдайда олар науқасты басқа медициналық мекемеге жіберуі тиіс. КМИС жүйесі арқылы кез келген сондай мекемеге жібере алады. Оған келісім-шарттың қажеті жоқ, автоматты түрде орындала береді. Бірақ бізде соны жасағысы келмейді, күттіріп қояды. Содан келіп тұрғындар наразылығы туындайды, – деп атап өтті директор.

Бақыт Торғайбайұлының сөзінен түгеніміз, біздің емханалар берілген мүмкіндікті тиімді пайдалана алмайды немесе пайдаланғысы келмейді. Әйтпесе консультациялық-диагностикалық қызметтерге бөлінетін қаржы өте қомақты. Нақтырақ айтсақ, қызметтің осы түріне облыс бойынша 11,5 млрд теңге қаралған. Ал стационарлық көмекке, яғни, ауруханаларға бөлінетін қаржы 13 млрд теңгені құрайды.

– Бұған дейін КТ аппаратының аздығы сезілді. Алдыңғы жылы, былтыр тапшы болды. Ал МРТ жеке

клиникалар арқылы шешімін тапты. Биыл КТ аппараттары аудандарға да қойылып жатыр. Алдағы уақытта ол қолжетімді болады. Біз жалпы шет елдердің тәжірибесін алып, оны енгізуге құмармыз. Дұрыс та шығар. Бірақ олардың өмір сүру дағдысы біздің елдің менталитетіне, өмір сүру үрдісімізге сай келе бермейді. Ана елден бір нәрсені, мына елден екінші бір нәрсені үзіп-жұлқып алып келіп, енгізгеннен ұтарымыз аз. Ал алдық екен, енгіздік екен, оны жүзеге асыру механизмін, әрбір деталін жан-жақты пысықтап, материалдық-техникалық базасын ыңғайлап, әбден пісіп-жетілген дүниені ғана ұсынып, іске кіріссек, қандай жақсы. Бізге өкінішке орай, сол нәрсе жетпейді деп ойлаймын, – деді директор.

Президент медициналық сақтандырудың тиімді жүргізілмей отырғанын, ерікті сақтандыру жүйесін енгізудің уақыты келгенін айтты.

– Мемлекет басшысының бұлай айтуының себебі, елде 3 млн-ға жуық адам жүйеде жоқ. Ол – қалталы, біздің елдің медицинасын керек етпейтін азаматтар. Президент солар туралы айтып отыр. Ал ерікті сақтандыру дегенге келсек, ол – бұрыннан бар дүние. Оның жарнасы, менің білуімше, қымбат. Ал нақты механизмді, қалай іске асырылатынын алдағы уақытта белгілі болады, – дейді Бақыт Торғайбайұлы.

Әрине, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі мүлде нәтиже бермей отыр деп айтуға болмас. Биылғы I қазандағы жағдай бойынша облыста бастапқы медициналық көмек көрсету ұйымдарына 806980 адам тіркелген. Сақтандырылған халық саны 677276 адамды, яғни, 83,9 пайызды құраса, 129704 адам, яғни, 16,1 пайыз сақтандырылмаған. Жоғарыда айтқанымыздай, бұрын тұрғындардың қалтасын қағып келген КТ, МРТ аппараттарына тегін түсуден бастап, жоғары мамандандырылған көмектер, яғни, қымбат бағалы оталар да жүйе аясында түгін жасалып жатқанын көріп жүріміз. Десе де медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне байланысты түсетін тұрғындар арыз-шағмы толастамай тұрғаны жасырын емес. Сонда кіне кімде, кінартық неден?





Қармақшы – еңбек пен өнерде қатар аты шыққан өңір. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында жаңа міндеттер мен соны өзгерістер үлкен жауапкершілік жүктейтінін де жақсы білеміз. Осыдан алты айдан астам уақыт бұрын тағайындалған аудан әкімі Әділбек Ерсұлтановпен сұхбатымыз ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігіне бағытталған еді.

Әділбек ЕРСҰЛТАНОВ, Қармақшы ауданының әкімі:

Елдік мүдде ең бірінші орында



– Әділбек Бөрібайұлы, Қорқыт баба мәңгілік тыныс тапқан киелі өңірдің өткені мен бүгінгі өзіңізге жақсы мәлім болса керек. Ауданның ендігі мүмкіндіктері, жалпы дамуға жетелейтін жоспар қандай?

– Өзіңізге белгілі, Қармақшы – өнер мен еңбек қатар тоғысқан киелі өлке. Қорқыт бабадан бастау алған қасиетті өнердің жарық сәулесін жағып, шамшырағын маздатқан, еселі еңбектің мерейін тасытып, каншама еңбек ерлерін шығарған қасиетті мекен. Өнерімен өрістеп, еңбегімен құрметті болған елге қызмет ету – азаматтық та, перзенттік те борышым.

Иә, қазір ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында қарқын бар. Жыл сайын жұмыс жүйесі жоспарлы орындалып келеді. Биыл да сол үдеден шығып отырмыз. Барлық салаларда дамудың он динамикасы сақталып, біршама жақсы өзгерістер бар. Осы жылы аудан бюджеті жоспар бойынша 20 млрд 946 млн теңгені құрап отыр.

Кешегі қыркүйек айының есебінен айтсам, аудан бюджетінің түсімі болжамы болып саналған 11 млрд 302,3 млн теңге 102,2 пайызға орындалып отыр. Ал есепті кезеңге қазынаның өз кірістерінің жоспары 975,4 млн, нақты атқарылуы 1 млрд 196,6 млн теңге, яғни 122,7 пайызды құрап, 221,1 млн теңге жергілікті бюджетке жоспардан артық түсті.

Біз аграрлы аудан болғандықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі осы кезге дейін 5 млрд 296,2 млн теңге құрады. Бұл бытырғымен салыстырғанда артық көрсеткіш. Мысалы, мал шаруашылығы бойынша өткен жылдың қаңтар-тамыз айларымен салыстырғанда, мүйізді ірі қара басы 3,4, қой 2, ешкі 7,3, жылқы 21,9 және түйе 8,6 пайызға өскен. Үй құстарын өсіруде де көрсеткіш айтарлықтай, 9,9 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ бүгінге дейін 2444,5 тонна ет, 4151,2 тонна сүт, 493 мың данадан астам жұмыртқа өндірілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жүзеге асыруда Үкімет берген тапсырмалар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, облыс әкімінің тікелей қолдауымен көптеген жобалар жүзеге асуда. Атап айтқанда, аудан бойынша жалпы құны 20 млрд 872,1 млн теңге болатын 18 жоба әзірленген еді. Оның ішінде, ауызсу, білім мен денсаулық сақтау саласы, спорт, жол жөндеу мен тұрғын үй құрылысы сияқты жобалар бар. Сонымен қатар демеушілер есебінен құны 7 жарым млрд теңгеден асатын 29 жоба дайындалуда.

– Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын ең басты міндеттің бірі – экономиканы дамыту. Елге инвестор тартып, кәсіпкерліктің кенжелеп қалмауын қадағалау. Осының барлығы ең алдымен жұмыссыздық деген дертке тосқауыл қояды емес пе? Кейінгі уақыттарға аудан ішінде кәсіпкерлік саласында он динамика бар. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойындағы сервистік кешендердің ең көбі осы Қармақшы бойында орналасқанын естідік. Айттың өтсеңіз, жалпы кәсіпкерлерді, әсіресе, ауыл кәсіпкерлеріне деген қолдау қалай жүзеге асуда?

– Өңірде кәсіпкерлік саласын қаржыландыруға бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар қарқынды іске асырылуда. Біздің міндетіміз – аудандағы кәсіпкерлер мен өз ісін жаңадан бастаушы азаматтардың осы бағдарламаларға қатысуына ықпал жасау, бизнес жобаларының жүзеге асуына қолдау көрсету.

Жыл сайын аудан кәсіпкерлерінің бағдарламаларға қатысу қарқыны толастаған емес. Биылдың өзінде барлық несиелендіру және гранттық бағдарламалар шеңберінде сау-

да, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларындағы 252 жоба 1,9 млрд теңгеге қаржыландырылып, қармақшылық азаматтар бизнесін бастауға немесе дамытуға мүмкіндік алды. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде 653,8 млн теңгені құрайтын 49, «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы шеңберінде «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы жалпы құны 74,8 млн теңге болатын 11, «Атамекен-Қызылорда» микроқаржы ұйымы арқылы «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша жалпы құны 47,6 млн теңгені құрайтын 11, «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы «Іскер» бағдарламасының қайта қаржыландыруы арқылы мал шаруашылығы саласын дамыту бағытындағы 29,4 млн теңгеге 6 және «Агробизнес» бағдарламасымен 918,2 млн теңгеге 4 жоба несиелендірілді. «Ұлттық жоба» шеңберінде әлеуметтік аз қамтылған азаматтардың ісін бастауға 170 жобаға 204 млн теңгенің гранты беріліп отыр.

– Қармақшы – аграрлы аудан. Әсіресе, Сыр бойының басты дақылы – күріштен жылда мол өнім байқалады. Бірақ өткен жылғыдай биыл да су тапшылығы алдын ала болжанды. Науқан қалай жүруде?

– Ырысты, күрішті Қармақшы жері еңбектен бақыт тапқан, ақ күріштен тау тұрғызған еңбеккерлер мен дала диқандарының мекені. Ауданымыз ауыл шаруашылығы, оның ішінде егін, бау-бақша дақылдарын егумен айналысады. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы тұрғындарды қартып, көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету туралы тапсырма берген болатын. Соған сәйкес, биыл қосымша 316 гектар бақшалық жер дайындалып, 837 отбасы бақша өнімдерін, яғни картоп, қауын-қарбыз, көкөніс екті.

Бүгінде тұрғындарға өз өнімдерін «Алқаптан сөреге дейін» тізбегін дамыту бағытында делдалсыз сату үшін арнайы орын әзірленіп, еккен бау-бақшасының игілігін көруде. Жалпы аудан бойынша егін көлемі 24326 гектар болса, оның ішінде күріш – 12773 гектар.

Екіншіден, бытыр елде орын алған қуаңшылық мәселелеріне байланысты Үкімет қабылдаған су үнемдеуді ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеу, тұрғындарды жем-шөппен қамтамасыз ету сияқты маңызды тапсырмаларға сәйкес облыс әкімінің тікелей қолдауымен нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Қазір аудан бойынша 61 мың тоннадан астам шөп дайындалды. Иә, қуаңшылық табиғи жағдай, дегенмен биыл бізде жағдай тұрақты, шаруашылықтар ауыл тұрғындарын жем-шөппен толық қамтамасыз етіп отырғанын айта кетуіміз қажет.



Қазір күзгі егін жинау науқаны аяқталуға жақын. Дала еңбеккерлері күрішті жауын-шашынға қалдырмай жинап алуда аянбай еңбек етуде. Бүгінгі күнде орылған 11068 гектар күріштің 9 мың гектарға жуығы бастырылып бітті. Орташа өнім гектарына 54-55 центнерден келуде. Жақын күндері науқанды толық аяқтаймыз.

– Қымбатшылық қысымында тұрған елдің жайын өзіңіз де білесіз. Азық-түлік бағасына қатысты «тұрақтандыру» деген сөздің айтылып жүргеніне де көп болды. Осы «тұрақтандырудың» тұрақтылығын қалай қамтамасыз етсек болар?

– Біздің барлық сауда орындарындағы қажетті азық-түлік өнімдерінің сатылуы және оның бағасының тұрақты болуы әрдайым қадағаланады. Әрі күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі тиісті орындарға баяндалып отыр. Нарықта орын алған жағдайларға және мезгілдік өзгерістерге, бұл жерде жаңа піскен бақша өнімдерінің дүкенге келуін айтып отырмын, соған байланысты ауданда нан, пияз, тауық еті, қант бағасының тұрақтылығын ұстау мақсатында аудан әкімдігі жанынан жұмысшы топ құрылған. Тағы қайталаймын, біздегі барлық азық-түлік сататын дүкендерге мониторинг жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары күнделікті жүргізілуде.

Сондай-ақ нан бағасын тұрақтандыру бойынша «Өңірлік тұрақтандыру қоры» арқылы бірінші сұрыпты 7,5 тонна «Дәстүр» және 68 тонна «Рояль» маркалы ұны 7 мың теңгеден наубайханаларға беріледі. Қазір

аудан орталығындағы нан бағасы 100 теңгеден сатылып жатыр. Сонымен қатар, әлгінде айтып кеткен «Алқаптан сөреге дейін» тізбегін дамыту үшін жергілікті өнімдерді делдалсыз, арзандатылған бағада халыққа сату үшін аудан орталығынан 10 павильон салу жоспарда бар.

– Азық-түлікке қатысты өңірдегі ең үлкен жобаның бірі – «Қармақшы-құс» фабрикасының жайы қалай болып жатыр? Тым созылып кетпеді ме?

– Индустрияландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның бірі – Ақтөбе ауылындағы «Қармақшы-құс» ЖШС құс фабрикасы болатын. Қазір онда құрылыс жұмыстары аяқталды. Мемлекет есебінен кәсіпорын су және электр энергиясы жүйелеріне қосылып, қажетті құрал-жабдықтарды шетелден жеткізу жұмыстары жүріп жатыр. Ол толығымен жеткізілген соң, алдағы қазан-қараша айларында жоба іске қосылады. Әрі онда 200 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, осы бағдарламамен «Тұрған тамы» шаруа қожалығының балық өңдеу цехын ашу қолға алынған. Жобаны іске асыруға «Тоғыз-құдық-Әлтай» көлі маңынан жер телімі берілді. Мемлекет есебінен электр энергиясымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Мұнда 40 адам жұмысқа орналаспақ. Цехта жаңа ауланған және өңделген балық өнімдері нарыққа шығарылатын болады.

– Бытырғы қуаныштың бірі – аудан орталығы Жосалы «көгілдір отынға» қосылды. Биыл Ақай ауылы

мен Төретам кентіне қатысты да оң жаңалық бар. Екіншіден, орталықтан бөлек, кейбір ауыл көшелеріне де асфальт төселгенін естідік. Жалпы инфрақұрылымды жақсартуда өңірдегі құрылыс қарқыны қалай?

– Иә, өткен жылы Жосалы кенті «көгілдір отынға» қосылып, ел қуанышы еселенді. Биыл Төретам кенті мен Ақай елді мекенін газбен қамтамасыз ету жұмыстары атқарылуда. Осы жұмыстармен қатар, Сырдария өзенінің арғы бетінде орналасқан 10 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында «Жаңажол» ЖШС демеушілігімен жоба-сметалық құжаты әзірленіп, жоба сараптамадан өткізілді.

Ал облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен бөлінген 150 млн теңге қаржыға аудандағы бірінші кезекте атқарылуы тиіс 2 абаттандыру, 16 жол жөндеу жобасы іске асырылуда. Халық сұранысына орай, Жосалы кентіндегі 5,8 шақырымды құрайтын 10 топырақты көшеге орташа, қосымша 6 көше және аудандық бюджеттен 2 көшеге жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Аудан орталығындағы Е.Сексенбаев көшесін абаттандыру, сонымен қатар, Тайшық би көшесіне орташа жөндеу, жаяу жүргіншілер жолын салу, аяқсу арықтарына, «Шығыс» каналына темірбетонды лоток орнату жұмыстары да қоса атқарылуда.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жосалы кенті, Ақай, III Интернационал, «Ақтөбе», «Ақжар» елді мекендері бойынша барлығы 19,8 шақырымды құрайтын 22 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 21 жоба-сметалық құжаттамалары әзірленген еді. Енді оған қажетті 560 млн теңге қаржыны республикалық қазынадан бөлуге облыстық жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жобаны алдағы жылы жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Енді құрылыс жұмыстарына тоқталсам, Жосалы кенті мен Ақай ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені, «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында «Балық цехын сыртқы электр желісімен жабдықтау» жобасы, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы салынып жатқан Қуандария ауылындағы 100 орындық клуб, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен құрылысы жүріп жатқан Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үйді атап айтуды болады. Сонымен қатар, Алдабай ахун, Т.Көмекбаев, Қармақшы ауылдарындағы су қабылдайтын құрылымын қайта жаңғырту жұмыстары да бар.

– Жүз жырау шыққан өңірдің өлкесі мәдениет, спорттағы өрісі қалай кеңейіп келеді?

– Қармақшы – жүз жырауы жыр жүзкітеген өнер өлкесі. Бізде жыл басынан бері мәдениет саласы бойынша 948 іс-шара өтті, халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетілді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін қыз-келіншектердің «Домбырасын моншақтаған жыр жауһарлары» атты облыстық жыр фестивалі, «Қорқыттан қалған қоңыр үн» тақырыбында облыстық балалар шығармашылығы байқауы, Сыр сұлейлерінің ізбасары акын Әбдіразақ Мынжановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Жастарға өсиет» атты облыстық жыршы-жыраулар фестивалі жоғары деңгейде өтті.

Биыл акын, даңқты шайыр, аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 140 жылдығы. Алашқа танымал ақынның мерейтойын кең көлемде атап өту мақсатында «Тұрмағамбет жырлары – жаңа ғасыр көгінде» атты көркем сөз оқу байқауы, «Шұғыла шапқан Шаһнама» атты дастан-кисса жырлаушылардың облыстық байқауы өткізілсе, осы қазан айында «Жасымнан назым сөзге шебер едім...» деген ат-

пен республикалық жыраулар фестивалі, «Аралап жердің жүзін жүрер сөзім» тақырыбында республикалық ақындар айтысы болады. Сонымен қатар, жампоз жырау Базар Оңдасұлының туғанына 180 жыл толуына арналған «Жамиге қазақ бір туған», жырау Көшеней Рүс-тембековтің есімін мәңгі сақтау мақсатында «Қазақтың күміс көмей Көшенейі» атты облыстық жыр фестивалі жыл көлемінде өткізіледі деп жоспарланып отыр.

Біздің спортшылар да байрақты бәсекелерде аудан намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрінуде. Биыл Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Кубоктарында 15 алтын, 5 күміс, 16 қола медаль және Әлем біріншілігінде 3 алтын, әлемдік Гран-при турнирінде 1 қола жеңіп алды. Соның ішінде Бразилияның Кашнас ду Сул қаласында өткен XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарында жерлесіміз Нұрсұлтан Көлдеев жеңіл атлетикалық он сайыстан 4, диск лақтырудан 7, найза лақтырудан 6 орынды иеленіп, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Мексиканың Леон қаласында өткен ауыр атлетикадан жас-өспірімдер арасындағы Әлем біріншілігінде жас зілтемірші Ерасыл Сәулебеков 67 келі салмақ дәрежесінде жеңіске жетіп, Әлем чемпионы атанса, қазақ күресінен «Қазақстан Барысы-2022» республикалық турнирінде облыс намысын қорғаған, Қармақшы күрес мектебінің түлегі Мақсат Исағабалов жеңімпаз атанып, Сыр елінің абыройын асқаттатты.

– Білім мен денсаулық саласы, сондай-ақ «Балалар жылы» аясында қандай жұмыстар атқарылды?

– Ел арасында әлеуметтік мәселелерге деген сұраныс пен талап жылдан-жылға күшейіп келе жатыр. Біліммен қаруланған, денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеу – өте маңызды іс. Аудан бойынша 32 білім беру ұйымы атап айтсақ, 29 жалпы орта мектеп, 1 кешкі мектеп, 2 мектептен тыс және 40 мектепке дейінгі білім беру мекемесі жұмыс істейді.

Биыл аудан бойынша 594-мектеп бітіруші түлектің 538-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, орташа балл 79-ды құрады. 30 оқушы «Алтын белгіге», 42 оқушы «Үздік аттестатқа» бітіріп, 373 түлегіміз мемлекеттік грант иегері атанды. Бұл бітірушілердің 96,6 пайызын құрайды. Демек, ұстаздарымыздың еңбегі ақталды деген сөз. Аудандық пәндік олимпиададан 20 оқушы жүлделі орындарға ие болса, республикалық олимпиадаға 7 оқушы жолдама алып, 3 оқушы жүлделі орын иеленді.

Ал биылғы «Балалар жылы» аясында білім беру мекемелерінде кең көлемде танымдық-тәрбиелік жұмыстар атқарылып, барлық мектептер оқушылардың креативтілік, коммуникативтілік, көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында «Мектеп парламенті», «Балалар кітапханасы», «Театр», «Дебат» жобаларымен жұмыс істеуде. Өскелең ұрпақтың дамуы мен бақытты балалығы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз. «Балалар жылына» орай аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес «Тауелсіздік» шағын ауданында балалар ойын алаңы салынып жатыр. Одан бөлек, аудан бойынша бюджеттен тыс көздер арқылы 6 балалар ойын алаңының құрылысы жүруде. Қазір ол жұмыстардың 80 пайызы аяқталды. Осы қазан айында толығымен пайдалануға берілмек.

Ең бастысы, оқушылардың сапалы әрі қолжетімді білім алуы үшін білім ошақтарының жай-күйі басты назарға алынған. Бүгінгі таңда «Ақжар» ауылындағы №28 мектеп ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Жосалы кентіндегі №121 мектеп, Төретам кентіндегі №85 мектепті күрделі жөндеу жұмыстары мен Жосалы кентіндегі №30 орта мектептің жылу жүйесін сұйық отыннан газға ауыстыру жұмыстары қазан айында аяқталады. Сонымен қатар, аудандық аурухана мен емхананың жылу қазандығы ғимараттарын реконструкциялау, газ желісіне қосу жұмыстары да қазан айында бітіп, нысандар жылу беру маусымына толық дайын болмақ.

Жалпы атқарылып жатқан жұмыспен қатар алдымызда үлкен міндеттер тұр. Биылғы күз дәстүрлі еңбек науқанымен қоса ең үлкен саяси іс-шара – Президент сайлауы өтеді. Осы тарихи маңызды іс-шарада аудан халқы бірлік пен ынтымақтың жарқын үлгісін тағы бір көрсетеді деп сенім білдіремін.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет. Ырысты күздің берекесі мол болсын.

Сұхбаттасқан
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Қармақшы ауданы



ШАЙТҰРСЫН ӘБДІБАЕВ – 80

Ән-әуен сенімен егіз туғандай, ортанды әнге бөлеп жүретін едің ғой. Ролің шығып жайнаң қаққанда әнді шалқыта айтатынсың, кейіпкеріңмен табыса алмай қиналып жүргенде күңіреніп, мұңға бататынсың. Репетиция үстінде роль мәтінінің түкпірінде іштей ыңылдап салған әндерінді естуші едім. Сол үн сенің жаныңды жанып, роліне енуге бастаушы құдірет болатын. Сенің әннңді бірксідей-ақ тыңдадым ғой, талай естігем. Қалай айтатыныңды жатқа білем ғой деп жәй өзімше отырайын деп ойласам да оған

шалқып тұрған кезінде ғана емес, осындай кайғыға күңіреніп тұрған сәтте басу айту үшін де керек екен-ау деген ой түйген едік сол жолы.

Сені студент кезіңнен білем. Біз үшінші курсқа өткен жылы оқуға түстіңдер. Курсыңдағы кілең «сен тұр, мен атайын» жігіттердің ортасында мол-момақан, ауылдың баласы болып көрінгенсің. Біздің курстың қыздары сені еркелетіп «Қошакан»



Болмысы ән адам

бара алмайтынмын. Өйткені сен шын актер-әнші едің. Жаныңда отырған кісілермен қарым-қатынасың қандай, кіммен отырсың, неге отырсың, әлде сахнада айтып тұрсың ба – осының бәріне әсерлене отырып айтатынсың. Сондықтан да әңің әр айтқан сайын түрленіп, ғажайып сезімдер құшағына бөленіп, өзіне еріксіз тартатын.

Қазақтың халық әндерін, Ақан, Біржан әндерін сәнімен орындаған – орындаушысы болдың. Маған әсіресе сен айтатын Кенен Әзірбаев әндері қатты ұнаушы еді. Қарапайым ырғақ, байсалды әуен, табиғаттың өзінен төгіле салғандай ән мәтініне сенің орындауыңмен ерекше жан бітіп, үңімнен бірге өмірге енді ғана келіп жатқандай әсер беретін. Танымаса да, білмесе де Кенен атаңның аруағы саған риза болған шығар-ау.

Көп жыл бұрын досымыз Серік Пірмахановтың жұбайы Жемиланың бауыры Шафхат дүниеден өтіп, олармен бірге марқұмның жаназасына баратын болдық. Рульде – өзің, мен қасындамын, артқы орында – Серік пен Жәмила. Бағытымыз – Шымкент, Бәйдібек ауданы Жиенқұм ауылы. Біршама жүрген соң алдымыздан күн көтеріліп, шуағын төге бастады. Бірақ бәріміздің көңіліміз пәс, үнсіз келе жатқан жайымыз бар. Суық хабарды естігелі Жемиланың көз жасы бір тыйылмай егіліп келеді. «Жигули» секіріп қалса, солқ-солқ етіп дауыс шығарып қылап та алады. Сөзіміз жеткенше басу айтқан боламыз, Шафхат Жемиланың аса бір жақсы көретін бауыры еді, біздің сөзіміз оған тоқтау бола алмады. Бір кезде Шайтұрсын «Актентекті» шырқап бір бергені. Ерекше ашық дауыспен, жарты тон көтеріңкі алып, әнді қалықтатып-ақ жібергені. Томсырайып отырған біз еріслеу көріп «бұл қай қылығы?» деп тіксініп қалғанмен, «ей, қой!» деп ешкім айта алмады. Жәмилаға карауға бет жок,

дейтін. Біздің курста оқитын Қарағандыбай Сатаев оқуға түскенше шахтада істеген, студент кезінде еркін жүріп-тұратын жігіт еді. Сол бірінші курстың жігіттерімен жиналыс өткізіп жатыр деп естігесің, «бұл не жиналыс екен?» деп бөлмесіне барсам, Қарғашым (оны осылай атайтынбыз) бөліне дейін тыржаланап шешініп, бөлменің ортасындағы үстелдің үстіне молдасын құрып отырып алған. Сендер айнала тізіле қалыпсыңдар. Мен кіргенде саған шүйлігіп отыр екен:

– Енді оң қалтанды шығар!», – деді ол Отеллоның даусына салып.

Сен шалбарыңның оң жақ қалтасын төңкеріп алып шықтың. Ол тарғыл-тарғыл трагедиялық үнмен:

– Онда да жоқ па? Әй, сендер қандай жансыңдар, э? Үнем қайда? Үнем? Степендияға дейін әлі үш күн бар? Бакандай үш күн! Соған дейін қалай күн көрем деп тұрсың? – деді.

Сөйтсем, Қарғаштың студенттерді осылайша жиналысқа шақырып алып, қалталарын қағып, арзан шарапқа жұмсайтын әдеті бар екен. Менің ескертпемнен кейін ол әдетін қойып кетті. Ал, саған, Шайтұрсын, біз бөлменің қазынасынан степендияна дейін азын-аулақ тиын-тебен бөлген едік-ау.

Сол күннен бастап екеуіміз ағалы-інілдей болып кеттік. Мен әуелі екі жылдай Қарағанды театрында жұмыс істедім де, сендер оқу бітірген 1967 жылы Қызылорда театрына келіп, бәріміз бірге өнердегі өмір жолын бастадық. Аздап тәжірибем бар, театрдың директоры Сактаған Тұрлымұратов пен театрдың бас режиссері Маман Байсереновтың рұқсатымен, мен – режиссер, Серік Пірмаханов – суретші, жоспардан тыс Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклін қоюды қолға алдық. Негізгі жұмыстан кейін қалып, репетиция жасайтынбыз. Ағаш ұстасына көмектесіп, спектакльдің декорация-

кететін. Актер өнерінің ең қиын қасиетінің бірі өз табиғатыңды рольге пайдалана білу немесе роліңді өзіңнің адами қасиетіңмен тірі жан етіп қайта дүниеге әкелу дер едім. Ол Ақанды дайындау үстінде осы процессті басынан өткізіп, роліне барын сала кірісті. Ғ.Мүсіреповтің трагедиясы таза ақ өлеңмен жазылған, оның актер тілінде айтылу мәнері бөлек, мәтінді игеру әдістері де мүлде басқаша. Репетиция үстінде Ақан серінің монологтарын Асқар ұстазымыздың қалай оқығаны жиі еске оралды. Ағайымыздың көзі шоқтай жанып, дауысы сәл дірілденкіреп, жанарын алысқа ұзатып, Ақанның сөздерін түйдектете айтушы еді, жарықтық. Ағайдың мәнерінен бастау алып, репетиция үстінде оны әсерлендіре құбылтып, актер Ақан серінің текстерін әрі ақ өлең, әрі кара сөзге жақын әрекет жүйесі етіп қалыптастырып, ақын сөзін өз сөзіңдей менгере білді. Ең бастысы, Шайтұрсын жалғыз Ақанды емес, осы образы арқылы қазақтың сал-серілерінің жиынтық бейнесін жасай білді. Қозының балалығындай сенгіштігі, Сырымның алмас қылыштай өткірлігі, Біржан салдың кең тынысты әншілігі бір бейнеде қоса өріліп, Ақан серінің трагедиялық тағдырын, үлкен ой адамы – дала философы дәрежесінде сахнаға әкелуі өзінің керемет жарасымдылығын тапқан еді. Бұл Шайтұрсынның шеберлік тұғырына көтеріліп, талантының жарқырай шыққан кезі болатын. Сол күннен бастап көп адам Шайтұрсынды Ақан сері деп атап кетті.

Осы спектакльде Ақтоқты бейнесін сомдаған Әлия да Шайтұрсынның тепе-тең әріптесі бола білді. Артист нәзік арудың әлсіздіктен батырлыққа дейін көтерілетін өсу жолын трагедиялық сезім қуатымен орындады. Әлия да махаббатына қолы жетпей, арманы қыркылған Ақтоқты

на қол жеткізді. «Сау басыма сақина», «Зұлымдық пен махаббат», «Ең киелі қасиет» спектакльдері, режиссері – мен, суретшісі – Серік Пірмаханов Бүкілодақтық театр фестивалдарының лауреаты атанды. «Сау басыма сақина» спектаклі үшін Венгр Халық Республикасы Мәдениет министрлігінің арнаулы қола жүлдесіне ие болдық. «Ақан сері-Ақтоқты» спектаклі 1979 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің арнаулы сый-сыяпатымен марапатталды.

1985 жылы театрдың жаңа ғимаратына көшкенде республикалық театрлар фестивалін өткіздік. Осы жылдар ішінде үш рет республикалық теледидарға әр барған сайын үш спектакльден жаздырып, халық көгілдір экраннан тамашалады. Театр спектакльдерінің республикалық радиодағы жазбасы әлі күнге дейін эфирден беріліп тұрады. Әр жылы ұжымды екі бригадаға бөліп, республика көлеміндегі гастрольді ұйымдастыру міндетті шаруа болатын. Осы онжылдықта Ж.Бағысова Қазақстанның халық артисі, С.Шотықов пен Ш.Әбдібаев Қазақстанның еңбек сіңірген артисі деген атақтарға ие болды. Артистер Ә.Арысбаева, Я.Халықұлов, суретші Ж.Әбіров республикалық жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды. Осындай күрделі де күш пен жігерді керек ететін іс-шаралардың басында жүрген Шайтұрсын қажымай-талмай, шаршамай еңбектенді. Әр істің болғанына қарай жұмыс істеп, сол үшін табандылық танытатын.

1979 жылы театр екі үлкен гастрольдік сапар ұйымдастырды. Мамыр айында Қарақалпақ астанасы Нүкіс қаласына 10 спектакльмен он бес күнге барып, туысқан бауырларымызға өз өнерімізді көрсеттік. Қарақалпақ ағайын бізді құшағын жая қарсы алып, спектакльдеріміз аңшлагпен өтіп, кеудеміз гүлге толды.

Қызылорда театры Алматы қаласына есеп беру сапарымен алғаш рет 1967 жылы С.Тұрлымұратов директоры, М.Байсеренов театрдың бас режиссері болып тұрған кезде төрт спектакльмен барған болатын. Гастроль сәтті өтіп, Қызылорда театры іргелі өнер ордасы атанып қайтқан еді. Бұл жолы біз Алматы көрмермені мен театр сыншыларының сарабына жеті спектакль ұсындық. М.Әуезов «Түнгі сарын», И.Эркен «Сау басыма сақина», В.Шекспир «Король Лир», К.Мұхамеджанов «Өзіме де сол керек», Ә.Тәжібаев «Майра», Ш.Хұсайынов «Біздің Ғани», Ғ.Мүсірепов «Ақан сері-Ақтоқты».

Тамыз айында өткеніне қарамастан әр қойылымға көрермен залылық толып, жұртшылық өнерімізді жақсы қабылдады. Сол күндері облыстық қазақ, орыс тілді газеттер гастрольдік сапар жайлы «артық билет жоқ» деп жазды. Өріне, гастрольдік сапардың биік деңгейде өтуі тікелей Шайтұрсынның еңбегі болатын. Артистеріміз жан-жақты көрініп, театрдың алғашқы сапардан кейін көп өскенін, актер труппасына қосылған бір толқын жастардың репертуар жүгін табыспен меңгеріп келе жатқан қалпын танытты.

Театр сыншылары мен өнер ардагерлері әділ бағасын айтып, жылы лебіздерін білдірді. Профессорлар М.Қаратаев, Б.Құндақбаев, Халық артистері С.Қожамқұлов, С.Майқанова, жазушылар Н.Оразалин, О.Сәрсенбаев біздің гастрольдік сапарымызға «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде көлемді мақалалар арнап, театр еңбегіне, артистердің өнеріне жан-жақты талдаулар жасап, спектакльдеріміздің шығармашылық деңгейін паш етті. «Вечерняя Алматы» газетінде Бакытжан Момышұлы күнделікті қойылымдарымыз жайлы жедел хабарламалар жасап, Алматы жұртшылығының ықыласын біздің театрға бұрғанын атап өткен жөн.

1979 жылдың 21 тамызы. «Ақан сері-Ақтоқты» спектаклі. Бірінші қатарда Үкімет адамдары, Мәдениет министрлігінің жауапты қызметкерлері. Ортасында автордың өзі – ұлы Ғабәң отыр. Басында үлкен кісілерден, әсіресе автордан қысылған артистер тосырқай бастап, бірте-бірте қалыпқа түсті де Ақан – Ш.Әбдібаев, Ақтоқты – Ә.Арысбаева, Науан – Т.Айнақұлов, Қоңқай – О.Әбдімомунов, Дәмелі – Ш.Бәкірова, Жалмұқан – А.Сейілханов, Сердәлі – С.Шотықов, Мәрзия – Ұ.Баяділова бірінен-бірі нәр алып, сахнаның жан-лүпілін молдірейте тербетіп, спектакльдің трагедиялық үнін биік нотада аяқтады. Әсіресе жанын жанып, рольдерін шабытпен ойнап шыққан Шайтұрсын мен Әлия аса бақытты еді. Құшақтары гүлге толы екеуі сахнадан қарғып түсіп, Ғабәңның алдына тізерлеп сәлем беріп, гүл шоқтарын авторға ұсынғанда, ұлы Ғабәң орнынан көтеріліп, аталық алғысын айтып, ризашылықпен Әлияның мандайынан сүйегіні бар еді.

Театр өнерінде керемет дәстүр бар, ол – театр мен театрдың өзара актер алмасып ойнауы. Сол жылдардың бірінде біз Шымкент театрынан Қазақстанның еңбек сіңірген артистері Сапар Өтемисов пен Отызбай Жұмабековті «Қаракөз» спектакліне шақырдық. Сапар – Сырым, Отызбай – Асан. Сыр көрермендері екі театрдың артистері бірлесіп ойнаған қойылымды тамашалап, риза болыс-

ты. Спектакльден соң кішігірім дастархан жайып, отырыс жасағанмыз бар. Отызбайды әнші деп естігенбіз, ол кісі де бізді көп жалындырған жоқ, домбырасын алып әнге басты. Әнді нәшіне келтіріп, тәтті етіп айтады екен, әуелі бәрімізге таныс күнделікті естіп жүрген әндерді біршама айтып, Отызбай сәл тосылды да, домбырасын дауысына келтіріп, «Адасқақты» әуелетіп шырқай жөңелгенде бәріміз тына қалдық. Әншінің үні үстімізге қонған ақша бұлттай қалықтап тұра қалды.

Көкірегіміз әуенге толып, кеудеміз тағы да ән болса екен деп сағына жаңа бір ән толқынын іздей бастағанда Шайтұрсын да әрең шыдап отырған болу керек, Біржанның әні «Ақбозымды» шырқап берсін.

Пәлі десенші! Отызбайдың көзі қайта шоқтанып, сауырына қамшы тигендей Балуан Шолақтың «Ғалиябануына» басты. Ал ендеше! Шайтұрсын «Жиырма бесті» әуелетті. Па, шіркін! Отызбайдың да арқасы бар ғой. «Ардақпен» үнін үдете түсті. Мұндай бәйгедең Шайтұрсын қалсын ба?! «Қызыл асығы» әсем нақышпен олай да, бұлай да шүйірді-ай келіп... Айдоғйт дерсің! Бәрімізді таңғалдырып, Отызбай тыңнан түрен салып, Ғарифолла көкеміздің репертуарынан «Қанапияны» шырқап берді. Енді не дерсің! Шайтұрсыңға «Аңының әнін» айтудан басқа не қалды? Айызың қанғанша шырқа! Қыран-топан күлкі, бірін-бірі қолпаштаған екі театрдың артистері, әуеде қалықтаған әсем ән. Сөйтіп аяқ астынан ән айтыстын куәсі болдық. Сол күні екі театрдың жезтандай әншілерін құмарымыз қанғанша тыңдаған едік.

Иә, сол жылдары Шайтұрсын екеуіміз театр тертесіне пар аттай жегіліп, өнердің жүгін алмиз жеткен жерге дейін өрге сүйреуге ұмтылдық. Шегінген, сүрінген кезіміз де болған шығар, бірақ тоқтағанмыз жоқ, шаршамадық та. Қызылорда театры дегенде екеуіміздің атымыз қатар аталатын дәрежеге дейін адал қызмет атқардық қой деймін.

1990 жылдардың басында екеуіміз де театрдан кеттік. Мен Талдықорған театрының бас режиссері болып ауыстым, ал Шайтұрсын сахнадан мүлдем қол үзді. Талдықорғаннан қайтып оралғанымда Шайтұрсын мемлекеттік қызмет бабында жүр екен. Арагілік жиын-тойларда әнін де естідім, бірақ бұрынғы дауыс жоқ, Нартайыш айтқанда: «Ізі бар да, өзі жоқ, бұрынғы боран айқылдың!». Сахнаға жаралған өнер адамы үшін нәр алатын құнарынан айырылу қандай қиянат екенін сонда білдім. Оның үстіне жолдасы да науқасты екен.

Ой, шіркін-ай, Гүлшаш қандай әйел, қандай жаң, қандай адам еді?! Біз оның үнемі көзі жайнап, сөйлескенде күле қарап жайдары әңгімелесетін қалпын танушы ек. Театрдың бір мүшесіндей спектакльден қалмайтын. Көбіне мақтайтын. Жайдары жүзбен сынын да айтып салатын. Өкпелей де алмайтынбыз. Әрбір премьерадан кейін: «Мен Хүсекеңнің премьерасын жуамын, біздікіне келіндер» деп думанды кеш ұйымдастыратын. Артистер бар, спектакльді көрген достарымыз бар, дастархан үстінде қойылымның пәрша-пәршасын шығарып, шектен шыға бастағанда, Гүлшаш дауысын көтеріп: «сендер немене, жаңа дүниені іске алғысыз қылып тастағандарың? Премьера күнгі спектакль сәби емес пе? Ол әлі өспей ме? Екі-үш спектакльден кейін көріндерші қандай болар екен? Міне, сонда сынай жатарсыңдар, ал қазір той, тойдың сәнін бұзбаңдаршы!» деп күле сөйлеп, бізді арашалап алып, бізді астарып бірінен соң бірін алдымызға тосатын. Шіркін, Гүлшаш-ай! Гүлшаштың осы хәлі де Шайтұрсынның әніне сызат түсіргендей.

2006 жылы арнайы пьеса алдырып, Шайтұрсынды «Қош бол, ардағым» спектакліне шақырдым. Сондағы оның қуанғанын көрсен. Құтындап, жасарып, жас әріптестерімен әзілдесе дайындалып, ерекше күйге енді. Қарайын та қалғаны бар, өзіндік жұмысын үдетіп, спектакльдің табиғатына енуге бар құшын салды. Сағат онда басталаын жұмысқа сегізден келіп, сахнада өзімен-өзі релитация жасап, үзбей дайындалып жүрді. Бұл бір жағынан біздің жастарымыз үшін үлкен сабақ болды.

Аллыстан асканда жүрегінде махаббат шоғы жанып, қайта түлеген Рахым шалдың бейнесін Шайтұрсын жақсы түсінді, жақсы сезінді, әлемі жеткізе алды. Бұл оның соңғы әні еді. Шайтұрсын бақұлдық сапарына өзінің киелі сахнасынан аттанды. Оның мәйітін көтерген сәтте зал толы көрермен көзіне жас алып, тік тұрып, сүйікті артисін соңғы рет қол шапалақтап шығарып салды. Соңынан бір кісі айтты: «Шайтұрсын өзек өмір сүретін шығар деуші едім, өйткені ол жәй жүргенде де ән айтып жүретін». Олай болмады. Ал, дүния өзінің панданып, ман басқан қалпымен өмір сүріп жатыр.

Жанымызда жарқырап жүргенде, биыл 80 жылдық мерейтойын дүркіретіп тойлар едік... Шіркін-ай... Дүние-ай... Әндерің сенің көмейінде емес, біздің құлағымызда шырқалып тұр, Шайтұрсын.

Хүсейін ӘМІР-ТЕМІР,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қызылорда облысының Құрметті азаматы



ал Шайтұрсын қояр болмады. Газды баса түсіп, өзінің репертуарындағы ең тандаулы әндерін бірінен соң бірін тоғытты дейсің. Жәмила әуелі үнсіз қалды. Шайтұрсынды көзімен атып, одан назарын Серікке, сосын маған қадады. Бірақ ләм-мим деп үндеген жоқ, қайғысын ішіне жұтып, тымырсыс бола қалды. Ал біз бірте-бірте Шайтұрсынның бұл қылығын түсіне бастадық. «Өмірден өткен адаммен бірге өлмек жоқ. Құр егіле бермей, өмірдің бар екенін, оның ағысы кейде адамды құрдымға батырып, кейде биікке шырайтынын ұмытпайық. Құрдымға түскенде құрып кетпеуге күш салсақ, биікке шырқанда шапылып қалмайық» дегендей. Біз Серік екеуіміз Шайтұрсыңға қатты риза болған едік. Ән шырқалған сайын көз жасына шомылып отырған Жәмила сергіп, бойын тіктей бастады. Ауылына барғасын тұстарын көргенде қайғысына қайғы қосылатынын түйсініп, Шайтұрсынның әнімен бірге өмір ағымына қайта оралғандай болды. Машинамыз да Шымкент жеріне бойлай еніп, терезеден көрінген бояуы қанық күзгі көрініс бізді де мұңға толты ойға жетелеп, Шайтұрсынның әуендері көкірегімізде өзінің ноталарын қайта шертіп жатқандай әсерде отырмыз. Иә, ән деген көңілдің

сын дайындағанмыз да есімде. Сен – Қозы, Сәнім Масина – Баян, Тынымбек Пірімжанов – Қодар, Тұрғанбек Әшімов – Қарабай, Серік Шотықов – Жантық, Жібек Бағысова – Мақпал, Ұлбатай Баяділова – Күнкей. Сенің Қозын қандай керемет болып еді сонда. Әлі есімде, шешемнен алғашқы кездескенде сен жап-жас баланың бейнесін жасадың. Біздің қыздар айтқандай: «Қошакан» бола қалдың. Қодармен кездескенде, сенің Қозың өсіп, батыр бозбала болып көрінді. Баян келгенде сен жігіт болдың, ал ананмен қоштасар жерде жаңа ғана сахна басталғандағы баладан ешнәрсе қалмай, алдымызда батыр азаматты көретін едік. Иә, сен Қазақстанның Халық артисі, аруақты ұстаз Асқар Токпанов көкеміз көрсеткен жолдан таймай өз кейіпкеріңнің өсу процесін жігіт қадағалап, соны нақты көрсетуге бар ойынды, сезімді, болмысыңды жұмсайтын едің. Репетициядан жарты сағат бұрын келіп, сахнада өзіңмен-өзің жұмыс істеп жатқаныңды талай көргем, талай қолдағам.

Артист ұғымында оң жамбас деген бар. Шайтұрсын Әбдібаев актердің оң жамбасына келген, тандаулы рольдерінің бірі Ақан сері болатын. Адами болмыс-табиғаты, қабілет-қарымы, ойлау жүйесі, сезім тереңдігі, әні-сәні, бәрі-бәрі Ақанға

бейнесін ғана емес, қазақ аруларының жиынтық образын жасап, өзінің орындаушылық шеберлігімен Шайтұрсынның Ақанын толықтыра түсті.

Әрбір театрдың тоқырау, даму, шарықтау кезеңдері бар десек, Нартай театрының өсіп келе жатқан еңсесін биіктетіп, республика, Одақ көлемінде аты шыға бастаған шағы – 1977-1986 жылдар еді. 1977 жылы театр директоры Сактаған Тұрлымұратов ағамыз Алматыға ауысты да, оның орнына директор болып Шайтұрсын Әбдібаев тағайындалды. Менің театрдың бас режиссерлігін қолға алғаныма көп болған жоқ еді. Екеуіміз тізе қосып, іске кірістік.

Менің міндетім спектакль қою, ал, Шайтұрсынның мойнында ұйымдастыру мәселесінің бар ауыртпалығы болатын. Бір жақсысы осындай қауырты жұмыс барысында ишай десіп ренжіскен кезіміз жоқ.

Осы жылдар ішінде бес рет республикалық, үш рет Одақ көлемінде өткен театр байқауларына қатыстық. 1976 және 1978 жылдары екі рет қатарынан ВЦСПС пен КСРО Мәдениет министрлігінің ауыспалы «Қызыл туың» жеңіп алдық. «Король Лир» республикалық байқаудың үшінші дәрежелі, Қ.Сатыбалдиннің «Аяғөз ару» балалар спектаклі бірінші дәрежелі дипломдары-

“ТУҒАН ЖЕРІМ – ТҰҒЫРЫМ” БАЙҚАУЫНА

Сағыныш

Матвей аға түсінен оянып кетті. Түсінде Қамбаш көлінде рахаттана шомылып жүр екен. Содан азанға дейін көз іле алмады. Жүрегі атша тулап, кеудесін сағыныш пен өкіс қоса қысып, тынысы тарылды. Көзге тығылған жас еріксіз сыртқа парлай бастады. Солқ-солқ еткен екі ығы әлдебір ыныранған дыбысқа ерік бергізді.

Түн ортасы ауа жанындағы ерінің қос тізесін құшақтап, солқылдап жылап отырғанынан селк етіп оянган асыл жары Лида жеңейдің шошып кетті.

– Ей, Матвей, саған не болды?

Осы сәтті күтіп отырғандай Матвей аға кеудесін керіп, жанын шығарып бара жатқан сағыныш аралас өкісіне ие бола алмады. Солқылдап кеп жылдасын. Жұбатуга келмеді. Сүйген жарын сығып, кеудесіне кіргізіп алардай құшақтады. Лида жеңейдің де көзіне жас үйіріліп, күйеуінің құшағына кіре түсті. Не жағдай болғанын сұрамай-ақ іштей сезді.

– Сағындым! – деді Матвей аға солқылғы басылған бір сәтінде.

– Нені? – деді капеліме аузына сөз түспей қипақтаған Лида жеңеше.

– Туған ауылымды!.. Қамбашымды! Көлімді!

Енді Лида жеңейдің кеудесіне өкіс тығылды. Күйеуін бұл да қапсыра құшақтап, екі жарты бір бүтін бола қалды. Сол күйі қанша отырғандарын білмеді. Әйтеуір, солқылдарын басқанша отыра беріпті.

– Лидажан, ауылдан алып келген топырақ қайда? – деді есін жигандай болған Матвей аға.

– Мен қазір... – деп орнынан сүйретіле тұрған Лида жеңеше кілемнің жоғарғы тұсына ілінген түіншекті алып, ерінің қолына ұстата берді.

Күйеуі мейірлене іскеді. Ұзақ іскеді. Бойына бақыт үйірілгендей өні кіре бастады. Жасаураған көзі күлім қақты. Туған жердің бір ұыс топырағы бейне сиқырлы дүние секілді. Әп-сәтте мұнды көзін ойлы көзге айналдырып, қиял әлеміне шарлапты. Бар дүниені ұмытқан күйі, әлденеге емірене басын шайқап қояды.

Мына көрініс Лида жеңейді де қатты толқытып, көзіне жас үйірді. Матвейдің жан дерті – туған жерге деген сағынышы екенін анық сезді. Күйеуіне көмектесер еш дәрмені жоқтығына күйінді. Тек басынан сипай берді. Матвей аға да Туған жер – Анасына еркелегендей, жас балаша әйелінің бауырына тығыла түсті.

Қанша отырғандары белгісіз, таң да қылаң бере бастапты. Жүректері орныққан екі мұңлықтың көздеріне ұйқы қайта тығылып, отырған орындарына қисая кетті.

Туған жердің бір ұыс топырағы түйілген шүберекті алақанына қысқан күйі Матвей аға



кенет көзін ашып алды. Бөлме іші жап-жарық. Күн едәуір көтеріліп қалыпты. Жанында пыспы етіп ұйықтап жатқан Лида-сының басынан сипап оятты.

– Қатын! Мына тірлік бізге жараспа! Сағыныштан сарғайып өлер түріміз бар. Құдайға шүкір, қазақтың жерінде жүріміз ғой! Айналаның бәрі қазақ! Біздің қанымыз неміс болғымымен, жанымыз қазақ болып кеткен жоқ па?! Ағайындармен араласып, ауылға деген сағынышымызды басайық. Мына көршілер біздің түріміз бөлек болған соң, қазақ емес деп жоламай жүр-ау! Біз қазақ-тығымызды білдірейік! Қазір шай ішіп болған соң, ана тонды ки! Мен сені балағаттап, сегіз өрім қамшымен сабайын! Со-сын көрейін бұл қазақтардың сөйлеспегенін!

Матвей аға толқи сөйледі. Лида жеңеше күйеуінің қайғыра бермей, жол тапқанына қуанды. Шай ішіліп болған соң, іске дереу кірісіп кетті. Көп ұзатпай-ақ, ауладан қатты айқай шықты.

– Ой, әкенің!.. Жаман қатын! Айтқанды істемесеуе айналдың ғой! Мені қартайды деп ойлап жүрмісің?!..

Көрші ауладағы айқай мен сусылдап тиіп жатқан қамшының дыбысы есік алдында әңгімені соғып отырған көрші шалдарды елең еткізді.

– Апыр-ау, көшіп келген мына үйдегілерді бөтен деп жүресек, өзіміздің қазақтар екен ғой!

– Бәсе!... Қазақтың да көк көз, сарылары көп емес пе?!

– Ойпырым-ай, қанша күннен бері жөн сұраспай... Өте ұят жасаған екенбіз!

Қапелімеде сасып қалған көрші шалдар өзара уағдаласып, жан-жақтағы басқа шалдарға да адам жіберіп, түстен кейін жаңадан көшіп келгеніне бірталай болған құдайы көршілеріне кіріп, сәлемдесуге ұйғарым жасады.

Қазақтың жан дүниесін те-

рең білетін Матвей аға мен Лида жеңеше «қатын сабау» көрінісін сәтті орындап болған соң, уақыт оздырмай, келіп қалатын қонақтарына дастархан жаю мәзіріне дереу кірісіп кетті. Дастарханды немістерше ұқыпты, қазақтарша дәмді тағамдармен жайнатып қойды. Келер қонақтар да көп күт-тірмей, түстен кейін сау етіп кіріп келді.

– Ассалаумағалейкум! – Уағалейкумассалам!

Келген қонақтар үй ісесімен төс қағыстырып, амандасып жатыр. Лида жеңеміз бөйек болып, меймандарды күтіп алуда.

– Біз ұятты болдық! – деді Байғанин ауданынан көшіп келген қаба сақалды ақсақал, жұрт дастархан басына отырғаннан кейін сөз бастап.

– Сені басқа жұртқа балап, ата жолын бұза жаздаппыз. Қазақ екенінді білгенде, әттең, мұндай жөнсіздікке жібермес едік. Әлдеқашан «оң болсын!» айтып, шаңырақтарына кіріп шығар едік. Қазаққа «ештен кеш жақсы» деген бар, айып бізден!

– Оқасы жоқ! Көк көз сары боп жаратылған бізден де айып бар.

– О не дегенің! Түрде тұрған не бар, жаның қазақ болса, болды ғой! – деді Ойылдан көшіп келген мұртты шал ыңғайсызданып.

– Қағынды ондырмай сабайды екенсің! Біздің ара түсуге дәтіміз бармады. Ашуың қатты екен. Бүгінде қатындар да құтырды. Айтқанды істей салса, несі кетеді екен, тәйірі! – деді Шалқар жактан көшіп келген шал қулана.

– Айтқанды қылмаған қатынға рахмет айт! Таяқ жемгенде, бұл көршіміздің қазақ екенін білмей кетер ме екенбіз?! – деді ойылдық шал.

Одан әрі қауқылдасқан көршілер қазақы дәстүрмен бір-бірінен аты-жөнін, руын сұрасыра бастады.

– Айтпақшы қай жерденсің? Руың не? – деді шалқарлық шал.

– Аралдың Қамбашынан боламын. Атым қазақша – Мәтіби. Жұбайым Лида. Әліммін. Жаманак... – деді Матвей аға.

– Е-е, өзіміздің Алшын екен ғой. Әлім – аға баласы. Жаманак? Ә-ә, ал қай Шектісің?

– Шыңғысұлы Жақайым... – Әй, сенің құлаң болды ғой!

– Жақайымның қайсысы-сын?

– Жақайымның Немісімін...

Шалдар бір-біріне таңдана қарасты.

– Жақайымның Немісі дегенді бұрын-соңды естімеппіз...

Матвей аға рахаттанып күліп алды. Лида жеңеміз де неміске тән мәдениеттілікпен сәл жымиясы білдірді.

– Рас, мұндайды бұрын-соңды естімеулерің мүмкін. Арал өңірінде мұндай үрдіс бар. Түрлі ұлт өкілдері қазақтың салт-дәстүрлерін менгеріп, сінісіп кеткені сонша, қазақтармен ағайындал, рулас боп қатыса береді. Мен Жақайымның «неміс» болсам, Палуанның «орыс» дегендер бар. Мұндайлар әр руда кездеседі. Той-томалақ, өлім-жітімде бір-бірімізден қалмаймыз. Кейін өлер шағында ағайыннан ажырамас үшін мұсылман дініне кіріп, қазақы салт-дәстүрмен туысқандар арасына жерленіп, о дүниеде қауышып жатқандары қаншама?!

– Апыр-ай, ә?! – десті шалдар.

– Мұндай үрдіс бүкіл қазақ жерін қамтыса, шіркін! Елімізде ғұмыр кешіп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің бәрі бір кісідей қазақ ұлтының маңайына шоғырланса, ұлтаралық, дінаралық қақтығыс деген қауіптен аулақ болар едік-ау! – деді бұрын мұғалім болған шал.

Ет желініп болған соң да, ақсақалдардың қызу әңгімелері басылды.

Балаларына ауылдарынан жұмыс болмай, қалаға еріксіз көшіп келіпті. Бәрі де Ақтөбе

облысынан екен. Әр жерден келіп қауышқандарына қарамастан, бір ауылдың адамдарындай етене араласып кетіпті. Сөздеріне қарағанда, бәрі де туған ауылдарын сағынады екен. Ақсақалдардың басын біріктірген де, осы ауылдарына деген сарғайған сағыныш екені білініп тұр.

Ал, Матвей ағаның жөні бұлардікінен бөлектеу болатын. Он жастан асқанда соғыс басталап, сонау Еділ бойынан күштеп көшірілген немістермен бірге тағдыр тәлкегімен қазақ даласына келіп қалған. Иен далаға келемін дегенше, бауырларын, туған-туыстарын жолай жоғалтып, Арал маңындағы белгісіз ауылға әке-шешесінен айырылған күйі әрең жетіпті. «Ендігі күйіміз не болар?» деп күніренген немістер сәл уақыттан соң-ақ, дархан дала-ның жұпар ауасын еркін жұтып, бойлары жылынып, қуат алғандай әсерде болады. Жергілікті халықтың кең пейілі бұларды әгейсітпей, жан-дүниелерін баурап алады.

Естерін жиып, бойларын түзей бастайды. Матвей аға ата-анасынан айырылған өзіндей мұң-лық Лида жеңейге үйленіп, үйлі-баранды болады. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіреді. Арманы қазақпен құда болу еді. Онысы орындалмады. Оқу іздеп кеткен балалары сол жакта өз ұлттарынан бақыт тапқан.

Енді, міне, қартайғанда, Қазақ елі тәуелсіздік алған алғашқы қиын жылдарда ұлдары мен қызы отбасыларымен Германиядан бір-ақ шықты. Кенже баласы осы Ақтөбеде еді. Бұларды қасына көшіріп алғаннан кейін, көп ұзамай ол да жарының айтқанынан шыға алмай, неміс жеріне тайып тұрды. Жапанда жалғыз қалып, ауылына қайта көшіп кетуге дәрмені жоқ қос мұңдық сағыныштан әбден сарғайған түрлері еді.

– «Әй, балаларым, қазақтың жеріндегі жер жоқ дүниеде. Сендерді барған жерлерің сыйдырмайды бәрібір. Бақыт дегенің – қазақ жеріндегі еркіндігің!» – дегем. Айтқанды істемеді. Кетті. Қазір сағыныштан аһ ұрып, елге қайта алмай жүр. Өркені өскірлер! – деді Матвей аға күйіне.

Мұны естіп, Лида жеңеше орамалмен көзін сүртіп, теріс айналды. Көрші шалдар да біраз нәрсеге қаныққандай, бастарын шұлғып, үнсіз төмен қарап кетті.

Осындай бір ыңғайсыз сәттегі үнсіздікті Матвей ағаның толқи күрсініп, жан дүниесінен тебірене шыққан сағынышқа толы даусы бұзып жіберді.

– Қайран, қазақтың дархан даласы-ай! Қалірінді тағдырдың қиындығын көрмегендер қайдан түсінсін! Бұл дүниеден түнілген талай бейбақтарды өмірге қайта ынтық қылдың-ау! Өзіне тілмен жеткізе алмастай ғашық еттің-ау!

Мұны естігенде:

– Қазақтың жері шынында да киелі ғой! Қаліріне жетсек-дағы! – десті қонақ шалдар да.

Кенет Матвей аға тағы да ойланып кеткендей болды да, артында мырс етіп күліп, басын шайқады.

– Уа, ағайындар, жаңа ғана айттым емес пе, естерінде ме, менің туған жерім – Еділ бойы демеп пе ем?! Өнебір жылдары сол жақтағы туысқандарым шақырып қоймаған соң, барғанмын. Олардың орысшасын шала-шарпы ұққанмен де, немісшелеріне тіпті түсінбедім. Салт-дәстүрлері де өзгеше. Олар үшін мен бөтенмін. Мен үшін олар да бөтен. Сонда немістің бір ақсакалы тұрып: «Е-е, Матвейді туған жерінің емес, тұрған жерінің махаббаты баурап алыпты. Қазақ жеріне деген махаббатынан айырып, күнә жасамайық! Біздің бауырымызды қазақ жерінің шексіз ықыласы тартып әкетіпті» деген. Рас екен. Еділ бойынан ауылға тезірек қайтуға асықты. Бірдене тартарды да тұратындай. Әйтеуір, бір тылсым күш бар секілді! – деді.

Қонақтар да тебіреніп кетті.

– Е-е, бұл қазақтың жері кімге пана болмады, кімді ықыласына бөлемеді десенші?!

Матвей аға тағы да:

– Балаларым да ауылын, қазақ жерін қатты сағынатын көрнеді. «Бекер көштік!» дейді... – деді күрсіне өкінішті түрде.

– Сағынса, кейін қайтуларына болады ғой!

– Әрине... Әрине, болады!

Туған жер қашан да ыстық қой! Ол жақтағы немістер де бұларды жатсынады екен... Қайта көшіп келуге дәрмендері жетпейді-ау!

– Неге көшті екен?

– Жастықпен білмей қалған да!

– Тау алыстаған сайын биіктейді емес пе?! Туған жердің қалірі де алыстаған сайын білінеді ғой!

Сағынышқа толы сезімдер ақсақалдарды түннің бір уағына дейін ұстады. Шер тарқатып, марқайып қалған көршілер қазақы салт бойынша жаңа көршілерін кезекпен қонаққа шақырудың күнтізбесін жасап, үйлеріне тарқасты.

Жаңа көршілерімен етене араласып кеткен Матвей аға мен Лида жеңеше сағыныштың сары уайымынан құтылғанымен, өздерінің Қамбашын, көлін саналарынан өшіре алмады. Дегенмен, жаңа көршілерімен аралас-құралас боп, өзгелердей бақытты ғұмыр кешті.

Туған жерінен гөрі, өздерін табыстырып, биік махаббатқа, ыстық ықыласқа бөлеген қазақ жерінің құдіретін терең сезіне білген қос мұңдық, біраз жылдан кейін бірінен соң бірі қасиетті қазақ жерінің қойнына сағынып кіргендей мәңгілікке жай тапты.

Нұрбай ЖҮСП.

Қамбаш ауылы,
Арал ауданы

МӘНГІ ӨЛМЕСТІҢ МҰРАСЫ

Сырдың бойы сыр тұнған тарихи орындар мен ескерткіштерге бай. Солардың ішінде күллі түркіге ортақ тарихи тұлға, кеменгер ойшыл, ғажайып әуезші Қорқыт бабаның құрметіне қойылған ескерткіштің бітімі бөлек, тағылымы зор.

Әйгілі орыс ғалымы В.Жирмунскийдің «Сырдария бойында Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі бар» деген пікірінде шыңдық жатыр. Өйткені, бұл – Қорқыт атаның кіндік қаны тамған жер, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкентте дүниеге келген данағой бабаның ғұмыр кешкен даласы, ақыреттік торқалы топырағы. Бабаның анызы мен рухани-музыкалық мол мұрасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген жер де – осы Сыр өңірі.

Ерекше сәулетімен алыстан менмұндалап тұратын баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті. Қобыз үні сарнаған киелі кесене адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Дана бабаның мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият

арқылы өшпес із қалдыру болса керек-ті.

Аты мәшһүр мемориалды кешен Қармақшы ауданы Жосалы кентінің солтүстік-батысына тамаң 18 шақырым жердегі қазіргі «Қорқыт» теміржол стансасына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Коммунистік партияның асқақтап тұрған шағында сол кезеңдегі аудан басшысы Елеу Көшербаев осы кешенді тұрғызуға ерекше ықпал жасаған еді. Соның нәтижесінде кешен құрылысы 1980 жылы архитектор Б.Ибраев пен физик-акустик С.Исатаевтың жобасымен басталған.

Тәуелсіздік алған алғашқы уақыттан бастап өлгенімізді тірітіп, өшкенімізді қайта жаққан ауқымды жұмыстар қолға алынды. Елімізде қаншама өнер жәдігерлері қалпына келтіріліп, түгелденді. Сыр бойындағы ескі шаһарларға археологиялық

қазба жұмыстары жүргізіліп, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері есепке алынды.

Сондай шаралардың бірі – Қорқыт ата кешенін қайта жаңғырту жобасы болды. Ескерткіш заманауи бейнеге енгені мұнда тәу етіп келушілер қатары еселеп артты. Қайта жаңғыртудан соң ескерткіш еңсесі 12 метрге, ол орналасқан жердің өзі (тұғыры) 2,5 метрге биіктеді. Бұған қоса, амфитеатрды жағалай бауырлас түркі елдерінің туы немесе ұлттық нышандары сап түзеді. Оған екі жылда бір мәрте өткізілетін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» өнер фестивалі кезінде тұтұғыр орнатылды. Бұрынғы ескі темірбетон материалдарды мрамор мен ұлутастар ауыстырды. Ал, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан арғы бетіндегі «Қорқыт ата зиярат ету орталығынан» осы ескерткіш кешенге дейінгі, онан «Ақсақ қыз» кесенесіне дейінгі аралыққа жүргіншілер жолы салынып, жарықтандырылып, аумақ түгел абаттандырылды.

Кешендегі алып қобыз ескерткіші төрт элементтен тұрады. Әрбір стелла әр тарапка қаратып тұрғызылған құл-



пытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейіп, шөміш пішінінде түйсетін стеллалар қобыз бейнесін көрсетеді. Оның түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылған тәрізді Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған.

Бұл – мемориалды кешен тек қазақстандықтардың ғана емес, шетел азаматтарының да қызығушылығын туғызған қасиетті орын. Тарихи-мәдени мұраны көруге шетел азаматтары да ат басын бұрады. Туристердің көпшілігі Германия, АҚШ, Қытай, Түркия,

Франция елдерінен келеді. Соған сәйкес Қорқыт ата мемориалды музейінде шетел тілін білетін мамандар жұмыс істейді.

Алтайдан тараған түгел түркінің киесі, қобыздың несі, ортақ миф пен фольклордың атасы саналатын Қорқыт ата мұрасы адамзат тарихында айрықша із қалдырған құбылыс ретінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитетінің 13-үкіметаралық отырысында мақұлданып, тиісті шешім қабылданды.

Бүл мәңгілік өмірді көксеріп өткен Қорқыт ата мұрасының адамзат жадынан мәңгілік өшіптінін танытады.

айтқанда, «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» деген атаумен енгізілген құжат Маврикий республикасының астанасы Порт-Луиде өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитетінің 13-үкіметаралық отырысында мақұлданып, тиісті шешім қабылданды.

Бүл мәңгілік өмірді көксеріп өткен Қорқыт ата мұрасының адамзат жадынан мәңгілік өшіптінін танытады.

Айгүл БЕРМАХАНОВА.
Қорқыт ата мемориалды музейінің ғылыми қызметкері

ЕРТЕҢ – КӘСІПОДАҚТАР КҮНІ

КӘСІПОДАҚТЫҢ МІНДЕТІ МАҢЫЗДЫ ӘРІ ЖАУАПТЫ

Облыстық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы тарапынан аймақ педагогтарының мәртебесін көтеріп, әлеуметтік мәселелерін шешу жолында жан-жақты жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Дегенмен уақыт талабына сай салада жаңа міндет, тың мәселелер туындап отыратыны заңды. Осы орайда облыстық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы, облыстық мәслихат депутаты Гүлнар Ескалиевамен ой бөліскен едік.

– Гүлнар Бабабекқызы, кәсіподақ қызметкерлерінің мерекесі құтты болсын! Білім саласы ұдайы өзгеріс пен жаңаруға толы. Осы тұрғыда кәсіподақ ұйымының үлесі каншалықты?

– Дұрыс айтасыз. Жаңа бастамалар қолға алынса, соған сәйкес кезекті күрмеулі мәселелер күн тәртібіне шығып отырады. Осындай мәселенің бірі – балабақша қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы. Жасыратыны жоқ, бұл мамандардың жалақысы аз. Сондай-ақ, олар жылына екі рет медициналық тексерістен өтуге сол азғантай еңбекақысынан төлейді. Ол – кемінде 10-16 мың теңге аралығындағы қаражат. Онсыз да жалақысы төмен қызметкерлер үшін бұл аз ақша емес екені белгілі.

Негізі заң талаптарын ескерсек, қызметкерлер медициналық тексеруден жұмыс беруші мекеме есебінен өтуге тиіс. Осы мәселені облыстық мәслихат сессиясында көтеріп, бірнеше рет депутаттық сауал жолдадым. Нәтижесінде, шешімін тапты. Атап айтқанда, облыстық мәслихаттың кезекті 17 сессиясында «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралып, оның ішінде білім саласы қызметкерлерінің жаңа оқу жылының басында дәрігерлік тексеруден тегін өтуіне қажетті жағдай жасалды. Балабақша қызметкерлерін ме-

дициналық тексеруден өткізу үшін 59 млн-нан астам қаржы бөлінді.

Мемлекет басшысы Жолдауында балабақша қызметкерлерінің жалақысын көтеру, біліктілігін арттыру, яғни, аттестациялау сияқты жұмыстарға назар аударды. Демек алдағы уақытта балабақша қызметіне байланысты көптеген сауалдар жауабын табады деп ойлаймын.

– Еңбек ету қандай маңызды болса, демалыстың да орны бөлек. Жыл сайын сала қызметкерлерінің бәрін лайықты демалыспен қамту мүмкін болмас, әрине. Десек те, бұл жұмыстар қалай жүзеге асырылуда?

– Мұғалім еңбегін бағалап, оларды барынша көтермелеу – кәсіподақ ұйымының негізгі міндеттерінің бірі. Осы жолда бірқатар жаңа бастамаларды атап өтуге болады. Оларды бірізді әрі дәстүрлі десек те артық етпес.

Ең алдымен жыл сайын «Алтын белгіге» бітірген түлектердің алғашқы ұстаздарына Түркістан облысындағы «Біркөлік» шипажайына берілетін жолдамалар жайлы айтып өтсем. Ұстаздарымыз аталған шипажайда 3 ауысыммен 5 күннен тегін сауықтыру демалысында болып, ерекше көңіл-күймен тынығып келеді. Өркес алғыстарын білдіріп отырады. Негізінен «Біркөлік» шипажайы Төле би ауданында, тау етегінде орналасқан. Шатқал бойын жаға-



лай «Біркөлік» өзені ағады. Тау беткейіндегі таза ауа денсаулыққа пайдалы. Профилактикалық шипажайда тәжірибелі мамандар тыныс алу жүйесі, жүрек, қан-тамыр, тірек-қимыл аппараты, жүйке жүйесі секілді бірнеше дертті емдеп жазады. Сонымен бірге түрлі мәдени-көпшілік және сауықтыру шарасы күнделікті ұйымдастырылады.

Жалпы кәсіподақтың Сыр өңіріндегі 55 мыңға жуық педагогтың құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы рөлі жыл сайын биіктеп келеді. Біз атқарылған жұмыстарымызды уақытында бұқарамен бөлісіп, саладағы өзекті мәселелердің түінін әріптестерімізбен бірге тарқатып, қызметкерлердің қуанышы мен қайғысына ортақтасуды дәстүрге айналдырғанбыз.

– Биылғы оқу жылы қалай басталды? Айталық, тауда ғана ұстаздар қауымының төл мерекесі тойланды...

– Ұстаз бен шәкіртті қауыштырған биылғы оқу жылында да қалыптасқан үрдістен айнымай Білім күні, Ұстаздар күні қарсаңында Ұлттық би-рыңғай тестілеу көрсеткіші

бойынша республика көлемінде «Үздік 100 мектеп» қатарына енген және үздік білім беру ұйымдарының педагогтарына ноутбук табыстайды. Бұдан бөлек, 1300-дей ұстазға сый-сияпат жасап, құрметімізді жалғастырдық. Қарттар күні қарсаңында мерейлі жас иелеріне, зейнетке шыққан мекеме басшыларына бағалы сыйлықтар берілсе, 50 сала ардагеріне Түркістан облысы, Түлкібас ауданындағы «Таң нұры» шипажайына жолдама табыс еттік.

10 қазан – Қазақстан Кәсіподақтары күніне орай, мерекелік марапаттар жиыны жалғасын табады. Оған кәсіподақ ардагерлері, сала активі, бірнеше әлеуметтік әріптестеріміз шақырылып, Құрмет грамоталары, «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталатын болады.

Тұрақтылық – кез келген қоғамның басты құндылығы десек, оны сақтаудағы кәсіподақтардың негізгі құқықтық құралы – ұжымдық шарт. Осы екіжақты келісім негізінде әлеуметтік әріптестерімізбен бірлесіп сала қызметкерлерінің еңбек жағдайы, әлеуметтік қорғалуы, еңбек қауіпсіздігі тұрғысындағы заңнамаларда бар нормалармен қоса, жоғарылатылған мүдделі бағыттарды, кепілдіктердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп келеміз.

Мәртебелі қызметтің тізгінін ұстап, ұрпақ тәрбиесі жолында аянбай тер төгіп жүрген әріптестерімізді қолдау жұмыстары уақыт талабына сай әрдайым жалғасын табады.

Әңгімелескен
**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Қате аударым: ақшаны қалай қайтаруға болады?

Сіз танысыңызға ақша жібердіңіз, бірақ ол оны алған жоқ. Аудару кезінде сіз ұялы телефон нөмірінің немесе карта, шот деректемелерінің нөмірінде қате жібергеніңіз және сома мүлдем бөтен адамға кеткені белгілі болды. Егер сіз оған арналмаған төлемді қайтару туралы келісе алсаңыз жақсы. Егер жоқ болса? Айтпақшы, сіздің шотыңызға қаражат түскен жағдай да болады, бірақ сіз жіберушінің кім екенін білмейсіз. Fingramota.kz сізге осы жағдайларда не істеу керек екенін айтады.



№1 нұсқа. Сіз қателесіп, ақшаны бейтаныс адамға аудардыңыз

Ақшаны қайтару қиын, бірақ қайтаруға болады. Басқа адамның немесе ұйымның шотына қаражат түскеннен кейін банк оларды кері қайтара алмайды. Ол мұны істеуге міндетті емес. Әрине, сіз алушымен байланысып, соманы өз еркімен қайтаруды сұрай аласыз. Бас тартқан кезде тек сотқа жүгіну және ақшаны өндіріп алу туралы талап-арыз беру ғана қалады, себебі қолданыстағы заңнамада ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес бұл әрекет «негізсіз баю» ретінде қаралады. Сондай-ақ, сіз ҚР Ұлттық Банкінің қолданыстағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша ақшаныңызды пайдаланғаны үшін сыйақы өндіріп ала аласыз.

Егер ақша біреудің телефон нөмірі арқылы жіберілсе не істеу керек?

Сіз телефон нөмірі бойынша жедел төлем жасадыңыз, бірақ цифрлан қате жібердіңіз. Бұл операцияны банк арқылы қайтарып алуға болмайды. Алушымен хабарласып, қате аударым жасағаныңызды түсіндіріп көріңіз, түскен соманы қайтаруды сұраның. Ол адам сізге сенуі және алаяқ ретінде қабылдамауы үшін шотты тексеруді ұсыныңыз. Алушы сіздің жағдайыңызды түсініп, содан кейін ақшаны кері аударыммен қайтаруы мүмкін.

Егер ақша басқа біреудің карта немесе шот нөмірі арқылы жіберілсе не істеу керек?

Егер сіз карточканың немесе шоттың дұрыс емес нөмірі бойынша ақшаны қате жіберген болсаңыз, банкке хабарласып, бәрін түсіндіріп, менеджерден ақшаны қалай қайтаруға болатындығын білуіңіз керек. Сонымен қатар, бұл жағдайда банк төлемді біржақты түрде кері қайтара алмайды. Әрбір банктің осындай мәселелерді шешудің өз рәсімі бар. Көбінесе, егер аударым дұрыс емес банктік шотқа сәтті жіберілсе, ақшаны алушының келісімімен ғана қайтаруға болады.

Егер ақша аудару процесі жүріп жатқан болса, онда операцияны болдырмауға болады. Егер сіз қате жіберіп, жоқ банктік деректерді көрсетсеңіз, төлем жасалмайды және ақшаны қайтару автоматты түрде жүреді.

Ақшаны жоғарыда келтірілген тәсілдермен қайтара алмасаңыз, не істеу керек?

Егер ақша алушы сіздің ақшаныңызды қайтарудан бас тартқан, ал сома қоманды болған жағдайда, сіз сотқа талап-арыз бере аласыз. Алайда, қайтарып алу рәсімі сіздің уақытыңызды, төзімділігіңіз бен материалдық ресурстарыңызды талап ететінін жақсы түсінуіңіз қажет. Әділеттікке қол жеткізу үшін сіз сотқа бұл соманы жанылысып, қате жібергеніңіз жөнінде нақты дәлел келтіруіңіз қажет. Мысалы, ақша қаражатын аударғаныңыз телефон сіздің танысыңыздың телефон нөмірін немесе деректемелерін көрсету. Немесе сіз

ай сайын сол бір шотқа белгілі бір соманы аударғаныңыз, ал осы айда ақшаны жанылысып басқа шотқа аударғаныңыз көрсетілген шоттан үзінді-көшірменін қағаздағы нұсқасын көрсету. Сіз, сондай-ақ ұялы операторға хабарласып, қоныраулардың тізімін ұсынуды сұрауыңызға болады, бұл осыдан бұрын бұл адаммен байланыс жасамағаныңызды және оған ақшаны қате аударғаннан кейін ғана қонырау шалғаныңызды дәлелдеу үшін қажет.

Өз кезегінде, ақша алушы нақты дәлелдер мен осы соманы алу құқығын растауы тиіс. Мысалы, ол бұл ақша көрсетілген қызмет немесе сіздің тарапыңыздан қайырымдылық тарапынан бұл мәлімдей алады, алайда оны дәлелдеуі тиіс. Мұндай дәлелдер болмаған жағдайда сот алушыны барлық соманы қайтаруға міндеттейді.

2-нұсқа. Сізге қате аударым түсті

Егер нақтысын айтатын болсақ, әрине сіз аударымды қате жіберген адамды тауып, оған ақшаны қайтару үшін өз уақытыңызды құртуға міндетті емессіз. Бөтен адамдардың ақшасына иелік еткен жақсы емес, заң бойынша да мұндай ақшаны иелену негізсіз баю болып табылады. Сондықтан, бұл ақшаны жіберушіге қайта аударған жөн, өйткені ол кез келген уақытта сізді сотқа беруі мүмкін. Бірақ, алдымен ақша расымен де шотыңызда жатқандығына, мұның қаржылық алаяқтардың амалы емес екендігін көз жеткізіп алу керек.

Алаяқтардың құрбаны болмау үшін не істеу қажет?

Қаскөйлер банкітердің және басқа да қаржылық ұйымдардың атынан сіздің шотыңызға қандай да бір соманың түскендігі туралы SMS-хабарландыруларды жиі таратады да, содан кейін қонырау шалып, қайтаруды сұрайды. Сондықтан, кері аударым жасамас бұрын қаражат шынымен түскендігіне көз жеткізіңіз. Мұны мобильді банк қосымшасы арқылы немесе банк операторымен ресми нөмір бойынша байланысу арқылы жасауға болады.

Бұл жалған емес, қате аударым екеніне көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, бұл ақша сізге тиесілі және олар сіздің шотыңызға қаражат аударған көздерден түскен болуы мүмкін. Мысалы, сіздің борышкеріңіз ақшаны қайтарды немесе компания қайта есептеуді жасады. Әртүрлі жағдай болуы мүмкін.

Ақшаның кімнен және қашан түскенін түсіну үшін шотыңыздағы үзінді-көшірмені зерттеңіз. Егер сіз ақша аударымының қате екеніне 100% көз жеткізсеңіз, ал жөнелтуші сізбен байланысқа шықпаған болса, банкке хабарласыңыз. Соманы қайтаруға келісім беру туралы жазбаша өтініш жазыңыз. Содан кейін қаржы институты ҚР Заңнамасы бойынша төлемдерді қайтару рәсімдеріне сәйкес кері төлемді жүргізеді.

Ақша аудару кезінде мұқият болыңыз, картаның деректемелерін және телефон нөмірлерін қайта тексеріңіз. Қаржылық сауаттылықты Fingramota.kz-пен арттырыңыз!

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Білім мен еңбекті ұштастырған

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Шиелі ауданы «Майлытоғай» ауылындағы Қапан Сәбіров атындағы №141 орта мектепте 40 жылдан астам мұғалім болған Сақтан Құлмахановтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Бұл мектеп тарихы әріден бастау алады, 1921-1923 жылдары Сұлутөбе және «Майлытоғай» ауылдарының аралығындағы «Қызыл ұй» деген жерде алғашында жетім балаларға арнап ашылған екен. Оның іргесін көтеруге Мүсілім Мырзахметовтің еңбегі өлшеусіз болыпты. Кезінде Шиелі, Жаңақорған аудандарында ұзақ жыл оқытушылық қызмет атқарған қадірлі аға кейіннен жемісті еңбегі үшін «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім» атағын алып, зор құрметке бөленеді.



Сол қиын жылдары осы мектептің салынуына белсене қатысқан қолхоз басқармасының төрағасы Биман Тапаловтың еңбегін айтап кетуге болмайды. Сондай-ақ онымен қойын-қолтық жұмыс істеген Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты, Ленин орденді Қапан Сәбіровтің есімі де осы мектептен тығыз байланысты. Бұл кісілер Ұлы Отан соғысына қатысып, қан майданда ерлікпен қаза тапты. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған» демекші, асыл ағалар игі істерімен ел есінде мәңгі сақталады.

Ел басына күн туған сол қиын кезеңдердің өзінде №141 мектеп өз жұмысын тоқтатпады. Талай қарақөздер түске дейін оқып, түстен кейін егіс даласында жұмыс істеді, арба айдады, масақ терді, егінді ұшқан құстан қорыды, әйтеуір қолынан келетін жұмыспен айналысты. Сөйтіп жүріп оқуда да үлгерді. Қиыншылық арқаға зіл болып батқанымен адам баласын пирата да біледі-ау. Өйтпесе, 10-11 жастағы қарадомалақ балалардың майданға кеткен ересектер орнын басуы тау көтерген Толағайдай толымды ерлік емес пе? Некесі қиылар-қиылмастан жесір аттанған аналардың тартқан тауқыметі қандай қиын еді? Бірақ, Жеміске деген сенім, Отанға деген сүйіспеншілік, тереңнен тамыр тартқан қайсарлық келер күндерге жігермен жетеледі, алға ұмтылдырды. Қырманды жұмыс істеген әр бала «адал еңбекпен алынған бір дән – жауға атылған бір оқ» деп ұғынды. Сөйтіп таңмен таласта тұрып, егіс даласына барды, жанын салып еңбек етті. Өзі ашқұрсак жүріп, қырманды астық тазалады, оны майданға жіберуге үлес қосты. Қыстың ақ шұнақ азында жеңіл, жұқа киіммен, кейбірі жалаңаяқ жүруге мәжбүр еді. Сонда да олар мектептегі сабақтан, даладағы жұмыстан бас тартпады.

Осы мектепте 1940-1943 жылдары Құланбай Көпшев, Қалмақ Сексенбаев, Қожахмет Рысәулетов, Құланбай Әмірзақов еңбек еткен етті. Мектеп ұжымы 1941 жылы облыстағы мұғалімдер мен оқушыларға арнап Үндеу хат жариялады. Бұл хат облыстық «Ленин жолы» газетінің 1941 жылғы 20 тамыздағы №19 санында жарияланды. Көненің көзіндей осы Үндеу хат әлі сақтаулы.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Сақтан Құлмахановтың еңбек жолы әріден басталады. Ол 1948 жылы Орджоникидзе атындағы орта мектептің сегізінші класын бітірген соң Қызылорда педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Оны 1952 жылы ойдағыдай бітіріп, Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Новоалексеевка орта мектебіне жолдама алады. Онда бір жыл қызмет атқарған соң Сырдария ауданы Орджоникидзе атындағы орта мектепке ауысады. Ал 1954-1987 жылдар аралығында №141 мектепте мұғалім, оқу ісінің менеджері болып, белсене қызмет атқарады. Ол 1957 жылы Қызылорда педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, жаратылыстану факультетін бітіріп шықты. Мектептегі жоғары класс оқушылары үшін сабақты оқулықтағыдан тыс, яғни теория мен тәжірибені бір-бірімен ұштастыра жүргізуге ұмтылды. Алғашқыда көпшілік қолдай қоймады. Алайда өз ертіңіне сенген ұстаз алған бетінен қайтпады. Сөйтіп Сәкен оқу мен еңбекті ұштастыру барысында жемісті жұмыстар атқарып, түрлі табысқа қол жеткізді.

1963 жылы мектеп сегіз-жылдық болып ауыстырылғанды. Осы жылы мектеп жаңынан тәжірибе учаскесін ұйымдастырып, бір гектар жерге оқушылардың тікелей арасымен әртүрлі саялы ағаштар мен жеміс ағаштарын

отырғызды. Өздерінің тынымсыз еңбегінің нәтижесін көрген шәкірттер тәжірибе учаскесінде қуана, құлшына еңбек етті. Содан бері қаншама жыл өтті, мектеп оқушылары тәжірибелік сабақтарын осы учаскеде өткізіп, ағаштарды күтіп-баптау жұмыстарымен айналысады, өсімдіктер коллекциясын жинайды.

Сақтан ағай 1983 жылы ішilde айында Қармақшы ауданында өткізілген облыстық педагогикалық оқуға қатысып, онда «Мектеп учаскесіндегі еңбек пен сабақты ұйымдастыру тәжірибесі» деген тақырыпта баяндама жасаған. Ол баяндамада мектеп жанындағы учаскенің оқушылардың болашағына айтарлықтай оң нәтижелер беретінін, яғни басталарды еңбектегігі тітікке, істің көзін табуға бейімдейтіні, еңбекпен тапқан нанның қадірін білуге ұмтылатыны айтылған. Тәжірибемен ұшпасаң сабақ оқушының үлгеріміне де оң ықпал ететіні анық. Бұл баяндама облыстық педагогикалық оқуда жақсы бағаланып, бірауыздан республикалық педагогикалық оқуға ұсынылды. Қорытындысында С.Құлмаханов облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сақтан Құлмаханов ұстаздықпен қатар мектептің, ауылдың қоғамдық өміріне де белсене араласты. Сырдария ауданындағы №141 орта мектебіне қоғам қайраткері, бірінші шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ленин орденінің иегері, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгер Қапан Сәбіровтің есімін бергізуге атсалысты. Оның өмір жолын зерттеп, еліне, халқына, ауыл тұрғындарына жасаған жақсылығы мен қамқорлығы,



атқарған қызметі жайлы дерек жинады. Мектептің салынуына сіңірген еңбегін, алғашқыда бастауыш мектеп болған білім ордасының балаларға терең білім беру жолындағы үздіксіз жүргізген жұмыстарын жұртшылыққа жеткізді. Соның нәтижесінде мектепке Қапан Сәбіровтің есімі берілді.

Сәкен ұстаздық еткен жылдары осы мектептен көптеген шәкірттер білім алып шықты. Олардың қатарында Қазақстанның еңбегі сіңген өнер қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Ғазиза Әбділбаева, Шиелі ауданы «Қарғалы» кеңшарының бас зоотехнигі болған Жүсіп Жөкебаев, ветеринарлық лабораторияда мал дәрігері қызметін үздіксіз атқарған Жаңаберген Шағыров, теміржол саласының ардагерлері Аман Үсентаев пен Алтынбек Әдіреєв, Қорқыт ата университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты Аман Әбдісәліов, шәкірттер жүргеніе жол тапқан ұстаздар Бибіжамал Омарова, Құрманай Жарылқапова, Алтын Бабанова, Айғанша Ешматова, Оразбек Жұмалдіов, Нұрия Сәдібекова, Раймаш Әлімбаева, Ләззат Әлімбаева, кәсіпкер-құрылысшы Роза Иманова, көлік саласының ардагерлері Шерғазы Дүйсеменов, Кенжәлі Махамбетәліев, сауда саласының үздіктері Құлжан Бакиева мен Ғазиза Махамбетәліева бар.

Сақтан ағайа жеңгеміз Айша екеуі Рысты атты қыз бен Есен атты ұлды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Қызы әке жолын қуып, ұстаздықты қалады, қазір Астанада мұғалім, ал ұябасар ұлы Есен – кәсіпкер.

Шиелі ауданының әкідігі бар өмірін шәкірт тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаздың есімін мәңгі есте қалдыру үшін «Майлытоғай» ауылының бір көшесін оның атымен атаса деген тілек ойға оралады. Бұл Сақтан Құлмахановтың ұзақ жылғы еңбегіне құрмет, ұлағатты жанды ұлықтау болары сөзсіз. Туған жер топырағынан шыққан тұлғаларды дәріптеп, есімін ел есінде сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттау – бүгінгі жастардың парызы. Ерін елеген ел ардақты.

**Расул СЕРІКОВ,
Қазақстан журналистикасының қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі**



ҚАЛА КҮНІ

Қыдыр қонған Қызылорда!



Арайлы Қызылордам – Ақмешітім, Тербеген ән мен жырдың бақ бесігін. Жүрсем де сенен алыс сағынышпен, Күмбірлеп жүрегімде жатты есімің.

Қайырмасы:
Арайлым – асыл арман,
Туғырым – тұңғыш ордам.
Киелі Қорқыт баба күйін төккен,
Жасай бер, қыдыр қонған Қызылордам!

Құлпырған көркің қандай, халқың қандай?!
Жасампаз жауһар жүрек алтын мандай.
Тәлімді кең құшағын айқара ашып,
Жұмақтың шуағына шақырғандай.

Қайырмасы.

Қазақтың көш бастаған жарасымды,
Міржакып, Шоқай, Ғани шын асылды.
Өн – Нартай, жыр – Асқар мен Әбділданы,
Ұшырып кеңге жайдың құлашыңды.

Қайырмасы.

Ғажайып мұрасы көп ашылмаған,
Жаралған тегі сонау асылдардан.
Атыңнан айналайын, Қызылорда –
Тағылымды төрім болған ғасырлардан!

Қайырмасы:

Арайлым – асыл арман,
Туғырым – тұңғыш ордам.
Киелі Қорқыт баба күйін төккен,
Жасай бер, қыдыр қонған Қызылордам!
Арайлым – асыл арман,
Жайнаған жасыл орман.
Бірлік пен елдігімің үлгісі боп,
Жасай бер, жасара бер Қызылордам!

Мұрат СЫДЫҚОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері,
Арал ауданының Құрметті азаматы,
күйші-композитор, акын-жырау

Күш атасын танымас

«Балалар жылы» мен қала күніне орай «Бала барысы – 2022» қазақ күресінен 2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында қалалық ашық біріншілік өтті. Оған қала әкімі Асылбек Шәменов қатысты.

С Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Сіздер – әйгілі Қажымұқан, Балуан Шолақ тәрізді балуан бабаларымыздың ізін жалғаушы ұрпақсыздар. Қазақ батырларының қай-қайсысы да күрес өнерінің шебері болған. «Бала барысы» сайысы балалар арасында қазақ күресінің дамуына кең жол ашады. Өжет әрі батыл болып ержетсеңіздер, біздің халқымыз үшін алынбайтын қамал, бағындырмайтын белес болмайды. Халқымыздың батырлығымен қоса, ептілігін, ержүрек, қайсар мінезін



Қамысқаладан Қызылордаға дейін екі ғасырдың шежіресі тоғысқан жер

Тасын түртсең, тарихтан сыр шертетін Сыр өңірінде мыңжылдықтар тоғысынан мол мағлұмат беретін жер бар. Ол – дарияның сол жағалауында орналасқан Қала тарихы музейі. 2018 жылы облыс әкімінің бастамасымен ашылған мекеме бүгінде келушілерге қызмет етеді. Ондағы құнды жәдігерлер мен тарихи тұлғалар тұтынған заттар ерекше көзге түседі.

С Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Бізді экспозициялық залда орналасқан дүниелермен музей қызметкері Алтын Кәрбозова таныстырды. Мұндағы 3 экспозициялық залдың әрқайсының өзіндік ерекшелігі бар. Алғаш ашылғаннан бастап мамандар тобы құрылып, жаңашыл жобаларды қалыптастыру жолға қойылған. Бүгінде халықаралық деңгейде тойланатын тарихи күндер мен белгілі тұлғалардың мерейтойына арналған іс-шаралар, отандық суретшілердің көрмесі жиі ұйымдастырылады.

Қазір музей қорында 345 жәдігер бар. Бұрынғылар тұтынған тұрмыстық заттар, керамикалық ыдыс-аяқтар, әшекейлер, қолжазбалар мен көне дәуірдегі құнды дүниелер арнайы залдарға топтастырылып, көпшілік назарына ұсынылып келеді. Бұл бағытта музей мамандары ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысып, түрлі деңгейдегі республикалық, облыстық семинарларға қатысып, өз тәжірибелерін бөлісуде.

Музейдің бірінші залына ежелгі заманғы адамдардың тұрмыстық заттары, көне жазбалар, еңбек құралдары және зергерлік өнер туындылары қойылған.

Екінші залда қаланың Қамысқаладан Қызылордаға дейінгі та-

рихы көрсетілген. Сондай-ақ, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Бұқарбай батыр көрсеткен ерлік, Хиуа және Қоқан хандықтарымен күрес, «Орынбор-Ташкент» теміржолының салынуы жайлы толыққанды ақпарат бар. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда XX ғасырдың басында ұлт үшін еңбек еткен зиялы қауым өкілдеріне арналған бұрыш әзірленген. Ақ



\$1,3 триллион талап етті

Германия Сыртқы істер министрі Аннален Баербок польшалық әріптесі Збигнев Раумен келіссөздер жүргізу үшін Польшаға барды. Тараптар екінші дүниежүзілік соғыстың репарациясын талқылады. Збигнев Рау қол қойған ресми өтініште Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германияның басқыншы күштері келтірген шығын үшін шамамен 1,3 триллион доллар төлеу туралы талап бар. Дегенмен, Берлин репарация төлеуге қарсы.

Жаһандық рецессия

БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД) сарапшылары дамыған елдердегі ақша-несие және фискалдық саясаттарындағы өзгерістер әлемді 2008 жылғы қаржы дағдарысы мен 2020 жылғы COVID-19 пандемиясынан да көп зиян келтіретін жаһандық рецессияға және ұзаққа

созылған тоқырауға итермелеуі мүмкін екенін айтты. БҰҰ болжамы бойынша, 2022 жылы әлемдік экономиканың өсімі 2,5 пайызды құрайды. Өсім 2023 жылы 2,2 пайызға дейін баяулайды деп күтілуде.

Twitter Илон Маскпен келісімге келді

Twitter компанияны әр акциясын 54,2 доллардан сату туралы Илон Масктың ұсынысына келісті. Тиісті жазба компанияның Twitter-аккаунтында жарияланды. «Компания мәмілені бір акция үшін \$54,20 бағамен жабулы көздеп отыр» – делінген ресми аккаунтта. Бұған дейін Маск Twitter-ге әлеуметтік желіні сатып алу туралы мәмілені қайта бастауды ұсынған.

Төрт зымыран ұшырды

4 қазанда Солтүстік Корея ұшырған баллистикалық зымыран Жапонияның

үстінен өтіп, Тынық мұхитына құлаған. Бұған жауап ретінде Оңтүстік Корея мен АҚШ әскерилері төрт АТАСМС зымыранын сынақтан өткізді. Әскерилердің айтуынша, Оңтүстік Корея мен Америка күштері Солтүстік Кореяның мұндай зымырандық арандатуына осымен төртінші рет жауап беріп отыр.

Трампп CNN-ді сотқа берді

АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп CNN арнасына жала жапты деп айыптап, 475 миллион доллар өтемақы талап етті.

Флорида штатының федералдық сотына берілген арызда CNN оны саяси тұрғыдан жеңу үшін жетекші ақпарат ұйымы ретіндегі жағдайын пайдаланды деп мәлімдейді. Құжатта айтылғандай, CNN 2020 жылғы президент сайлауында «Трамппы жою» үшін несие алды.

Дайындаған
Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Ұсыныстар әзірленді

Кеше «Бастаманы қолдау» қоғамдық бірлестігі «Арал өңірі халқының әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» өткізді. Оған үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, бизнес құрылымдары және ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Іс-шара Арал өңірі тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық проблемаларын мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғамдастықпен және бизнес құрылымдармен конструктивті диалог және ынтымақтастық құру арқылы шешу жолдарын айқындау мақсатында өтті. 1992 жылы 30 маусымда «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңы қабылданғаны мәлім. Бұл заң Арал өңірінің әлеуметтік проблемаларын шешу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жолдарын белгіледі.

Қалыптасқан экологиялық қолайсыз жағдайдың ауыртпалық дәрежесін, айналадағы табиғи ортаның шөл далаға айналуы мен ластануының адам денсаулығына әсерін ескерді. Сондай-ақ Ғылым академиясының тұжырымдамасы

негізінде Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аумағы үшке – экологиялық апат, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар болып бөлінді.

Дегенмен заң күшіне енгеннен кейін көптеген баптары алынып тасталды. Қазір Арал өңірі халқына көрсетілетін әлеуметтік-экономикалық көмектің көлемі мен тиімділігі, оны арттыру мақсатында әлеуметік зерттеу жүргізілуде. «Дөңгелек үстел» барысында Арал өңірі тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық проблемалары айқындалып, ұсыныстар әзірленбек. Жобаны АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын Орталық Азиядағы азаматтық қоғамды қолдау бағдарламасы аясында Еуразия қоры қолдайды.

«СБ» ақпарат